

**Ономастика және көрнекі ақпарат:
міндеттер мен ұсыныстар**

(Сала мамандарына әдістемелік көмек)

Астана, 2016

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті

Бас редактор

Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің төрағасы Қ.Ж. Асыллов

Редакциялық алқа:

Ғ.С. Мелдешов – Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті төрағасының орынбасары

Г.М. Құбашева – Нормативтік-лингвистикалық жұмыстар басқармасының басшысы

Е.Е.Тілешов – Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты.

«Ономастика және көрнекі ақпарат: міндеттер мен ұсыныстар» республикалық семинар-кеңесіне қатысушыларға арналған материалдар / Құрастырушы С.А. Итеғұлова - Астана, 2016 жыл – 81бет

Бұл жинаққа Астана қаласында өткізілген «Ономастика және көрнекі ақпарат: міндеттер мен ұсыныстар» атты республикалық семинар-кеңестің материалдары енгізілген. Ономастикалық атаулар беруді жетілдіру мақсатында дайындалған әдістемелік ұсынымдар сала мамандарына арналады.

АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген мақсаттар мен міндеттердің бірі – ономастика саласын реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, еліміздегі атауларды реттеу, көрнекі ақпараттар мен жарнама мәтіндерін рәсімдеуді біріздендіру болып табылады.

Ономастика саласын реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру мақсатында 2013 жылғы 21 қаңтарда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданып, қолданысқа енгізілді.

Осы заң мен одан туындайтын нормативтік құқықтық актілер негізінде ономастика саласындағы жұмысты жүйелеу және үйлестіруді одан әрі дамыту мәселесін шешудің жолдары үнемі жетілдірілуде. 2015 жылы ономастика саласындағы қатынасты реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге талдау жұмыстарын жүргізу үшін зиялы қауым өкілдері, заңгерлер, Республикалық ономастика комиссиясының мүшелері, тәуелсіз сарапшылар, орталық және жергілікті атқарушы органдардағы тіл мәселесімен, оның ішінде ономастика саласымен айналысатын бөлім басшыларынан тұратын жұмыс тобы құрылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ономастика саласын жетілдіру, сондай-ақ республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, ел астанасындағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлағтарын жазу және орналастыру жөніндегі ұсынымдар, тарихи жер-су атаулары мен тарихи тұлғалардың тізімдері әзірленіп, осы жинаққа енгізіліп отыр.

Сонымен қатар жинаққа қазақ азаматтары аты-жөндерінің, атаулардың емле ережелері және ономастика саласына қатысты басқа да бірқатар материалдар топтастырылды.

Ұсынымдық сипаттағы бұл жинақ ономастика және көрнекі ақпарат мәселелерімен айналысатын сала мамандарына әдістемелік көмек ретінде әзірленді.

Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыратын осы әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Ұсынымдар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі №368 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы туралы Ережесінің 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді. Ұсынымдар ішкі мазмұнына орай бірнеше бөліктерге жіктеледі.

Сонымен қатар жергілікті жерлерде ономастикалық объектілерге, әкімшілік-аумақтық бірліктерге, олардың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау кезінде елімізге белгілі аса танымал тарихи тұлғалар мен байырғы жер-су атауларын беруді негізге алу қарастырылған. Сондай-ақ сыртқы жарнама мен көрнекі ақпарат мәселесін үнемі бақылауда ұстау, жергілікті жерлерде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мәселесі қамтылады.

Ономастикалық жұмыстың нормативтік-құқықтық базасы Қазақстан Республикасы Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 368 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы туралы ережеге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру туралы» тәртібіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген

Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына негізделеді.

1.2. Осы Ұсынымдарда пайдаланылатын негізгі түсініктер:

1) ономастика—жалқы есімдерді, олардың қалыптасу және түрлену тарихын зерделейтін тіл білімі саласы;

2) топонимика—географиялық объектілердің атауларын, олардың қалыптасу, өзгеру, жұмыс істеу заңдылықтарын зерделейтін ономастика саласы;

3) оним— жалқы есім;

4) топоним—онимнің түрі, географиялық атаулар;

5) гидроним—топонимнің түрі, су объектілерінің атаулары;

6) ороним—топонимнің түрі, таудың, қыраттың, шоқының атаулары;

7) ойконим—топонимнің түрі, елді мекендердің (ауыл, кент, қала) атаулары;

8) астионим – топоним түрі, қала атаулары;

9) хороним—топонимнің түрі, әкімшілік-аумақтық бірліктердің атаулары;

10) транслитерация – бір графикалық жүйедегі мәтіндер мен жеке-леген сөздерді басқа графикалық жүйенің құралдарымен әріппе-әріп арқылы беру;

11) объектілер – Қазақстан Республикасының аумағындағы объектілер, мемлекеттік заңды тұлғалар, мемлекет қатысатын заңды тұлғалар;

12) әкімшілік-аумақтық бірліктер – қала, аудан, ауылдық округ, ауыл, елді мекендер;

13) әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктері – шағын аудандар, алаңдар, даңғылдар, бульварлар, көшелер, орамдар, тұйық көшелер, саябақтар, скверлер, көпірлер және басқа елді мекендердің бөліктері;

14) физикалық-географиялық объектілер – қолданыстағы немесе пайда болған біршама тұрақты, белгілі бір жерде тұтас қалыптасқан жер сипатындағы материк, мұхит, теңіз, шығанақ, бұғаз, арал, тау, өзен, көл, шөл, шөлейт және тағы да басқа табиғи объектілер.

2. Ұсынымдардың негізгі бағыттары

2.1. Ұсынымдарды мынадай бағыттар бойынша іске асыру көзделеді:

1) объектілерге атау беру және қайта атау тәртібі;

2) физикалық-географиялық объектілерге атау беру және қайта атау тәртібі;

3) әкімшілік-аумақтық бірліктерге атау беру және оларды қайта атау тәртібі;

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктеріне атау беру және оларды қайта атау тәртібі;

5) атау беру және қайта атауда халықтың пікірін ескеру тәртібі;

6) облыстық өкілді және атқарушы органдардың қызметі;

7) қалалық өкілді және атқарушы органдардың қызметі;

8) аудандық өкілді және атқарушы органдардың қызметі;

9) көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнама мәселелері;

10) өзгертілген әкімшілік-аумақтық бірліктердің физикалық-географиялық атаулары Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы мақұлдаған **«Қазақстан Республикасының географиялық атауларының қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне берілуі бойынша»** ұсынымына сәйкес берілуін басшылыққа алу;

11) өзгертілген көшелер, даңғылдар, орамдар және т.б. атауларының көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы мақұлдаған **«Республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлағтарын жазу және орналастыру жөніндегі»** ұсынымға сәйкес берілуін басшылыққа алу.

3. Объектілерге атау беру және қайта атау тәртібі

3. Объектілерге атау беру және қайта атау кезінде:

3.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы мемлекет меншігіндегі объектілерге, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға және басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктеріне (*даңғылдарға, көшелерге, орамдарға, саябақтарға, көпірлерге*) атау беру және оларды қайта атау жөнінде шешім қабылдау кезінде ең бірінші кезекте қазақ халқының, қазақ елінің тарихында айрықша орын алатын, жалпы ха-

лық білетін әрі құрмет тұтатын ұлы тұлғалардың, аса көрнекті мемлекет, қоғам, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің, мемлекеттік жоғары наградалармен марапатталған және басқа да ерекше еңбек сіңірген жеке адамдардың есімдерін беруді негізге алуы қажет;

3.2. Білім және мәдениет мекемелеріне Қазақстан тарихындағы аса көрнекті тұлғалардың, аталған салаларға айрықша еңбек сіңірген республикаға танымал адамдардың ғана есімдері берілуі шарт;

3.3. Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі объектілерге (білім беру, мәдениет, спорт және денсаулық мекемелері) бір атауды бір мәрте ғана беру тәртібін қатаң бақылау;

3.4. Тұлғаларға атау беру олардың қайтыс болған күнінен бастап кемінде 5 жыл өткен соң ғана жүзеге асырылады;

3.5. Облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы объектілерге, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға және басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктеріне (*даңғылдарға, көшелерге, орамдарға, саябақтарға, көпірлерге*) атау беру және қайта атауда бірінші кезекте осы ұсынымның 3.1. тәртібін басшылыққа алады;

3.6. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан ономастикалық нысандардың тарихи және дәстүрлі атауларын қалпына келтіруге қатысты ұсыныстарды (қабылдау/қарастыру) зерделеу және пысықтау мақсатында құрылған ғалымдар мен ономастика саласының мамандарынан тұратын жұмыс топтарының сараптамаларын негізге алады;

3.7. Объектілерді көзі тірі адамдардың есімдерімен атауға болмайды;

3.8. Объектілерге атау беру, атау берілген (өзгертілген) күнінен бастап он жыл өткеннен кейін ғана жүзеге асырылады;

3.9. Әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, автовокзалдарға объекті орналасқан сол елді мекеннің, қаланың атауы беріледі, бірнеше объектілер кездескен жағдайда олар реттік сандармен белгіленеді (мысалы, 1-Астана, 2-Астана);

3.10. Метрополитен стансаларының атауы объектінің орналасқан аудан, көше, әкімшілік ғимаратының, табиғи, тарихи-мәдени, қала құрылысы және өзге де маңызды объектілерге сәйкес алынады;

3.11. Ұсынылатын атаулар Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетіне, мемлекеттік және қоғамдық мүддеге, моральдық және адамгершілік қағидаларына сәйкес келуі тиіс, сонымен бірге нысан атаулары атқаратын қызметіне сай ақпарат беруі тиіс.

4. Физикалық-географиялық объектілерге атау беру және қайта атау тәртібі

4.1. Физикалық-географиялық объектілерге атау беру және қайта атау кезінде өзінің тарихи атауымен, объектінің орналасқан елді мекен атауымен, табиғи, тарихи-мәдени және өзге де маңызды объектілердің атауымен атау;

4.2. Өзгертілген физикалық-географиялық атаулар Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясымен мақұлданған **«Қазақстан Республикасының географиялық атауларының қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне берілуі бойынша»** ұсынымына сәйкес берілуін басшылыққа алу.

5. Әкімшілік-аумақтық бірліктерге атау беру және қайта атау тәртібі

5. Әкімшілік-аумақтық бірліктерге атау беру және қайта атау кезінде:

5.1. Елді мекенді тарихи атауымен қайта атау кезінде оның ұлттық байырғы атауы туралы расталған мұрағаттық құжаттар, жазбаша тарихи деректер ескеріле отырып, негізге алынады;

5.2. Мұрағат құжаттары, жазбаша тарихи деректер болмаған жағдайда жергілікті көнекөз қариялардың, ғалымдардың, өлкетанушылардың пікірлеріне сүйену қажет;

5.3. Жергілікті жердің географиялық ерекшеліктері, климаттық жағдайлары ескеріледі;

5.4. Қалаларға, қала үлгісіндегі кенттерге, аудандарға, ауылдарға, ауылдық округтерге кісі есімдері берілмейді;

5.5. Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру тәртібін қатаң бақылау;

5.6. Әкімшілік-аумақтық бірліктерді қайта атау оның атау берілген (өзгертілген) күнінен бастап кемінде он жыл өткен жағдайда ғана жүзеге асырылады;

5.7. Өзгертілген әкімшілік-аумақтық бірліктердің атаулары Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы мақұлдаған **«Қазақстан Республикасының географиялық атауларының қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне берілуі бойынша»** ұсынымына сәйкес беріледі.

6. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау тәртібі

6. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау кезінде:

6.1. Бірінші кезекте осы ұсынымдардың 3.1., 3.4., 3.5. тәртібі басшылыққа алынады;

6.2. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы мақұлдаған әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құрамдас бөліктеріне (*даңғылдарға, көшелерге, орамдарға, саябақтарға, көпірлерге*) атау беру және оларды қайта атау кезінде бірінші кезекте тарихи, байырғы жер-су атаулары негізге алынады;

6.3. Мағыналары тар атаулар немесе жалпылық сипатта болатын, жеке тұлғалардың есімдеріне меңзейтін және тарихи-дәстүрлі атауларға негізделмеген атаулардың берілмеуі қадағаланады (Мысалы: *Ботагөз, Қарлығаш, Замандастар, Мектеп, Мерей, Мұрагер т.б.*);

6.4. Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру тәртібін қатаң бақылау;

6.5. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктерін қайта атау оның атау берілген (өзгертілген) күнінен бастап кемінде он жыл өткен жағдайда ғана жүзеге асыру;

6.6. Әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құрамдас бөліктеріне атау беру және оны қайта атау кезінде берілетін атаулардың мағынасы, сондай-ақ атаудың тарихи және мәдени құндылығы солардың сипатына, жағдайына, тұрқына сәйкес келуі тиіс.

6.7. Өзгертілген әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктері атауларының көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясымен мақұлданған **«Республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлағтарын жазу және орналастыру жөніндегі»** ұсынымға сәйкес берілуін басшылыққа алу.

7. Атау беру және қайта атау кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру тәртібі

7. Тиісті аумақ халқының пікірін ескеру тәртібі қолданыстағы

2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 Үкіметтің қаулысымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады:

7.1. Республикалық маңызы бар қалаларда (Астана мен Алматы) тиісті аумақ халқының пікірін ескеру:

7.1.1. Республикалық маңызы бар қалалардағы (Астана мен Алматы) аудандарға, қаладағы құрамдас бөліктеріне атау беру және оларды қайта атау кезінде, тиісті жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақ халқының пікірін ескеру үшін қажетті материалдарды тиісті мәслихаттардың қарауына енгізеді;

7.1.2. Тиісті аумақ халқының пікірі мәслихаттың тұрақты комиссияларының өткізілген көпшілік тыңдауларының негізінде ескеріліп, хаттамамен ресімделеді;

7.1.3. Тиісті мәслихаттардың тұрақты комиссияларының хаттамалары жеті жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады;

7.1.4. Тиісті мәслихаттардың тұрақты комиссияларының хаттама-сымен ресімделген республикалық маңызы бар қаладағы аудандарға, құрамдас бөліктеріне атау беру және оларды қайта атау кезінде тиісті аумақ халқының ескерілген пікірі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тиісті ономастика комиссияларының (*Республикалық ономастика комиссиясы*) қарауына ұсынылады;

7.1.5. Республикалық ономастика комиссиясымен келісілгеннен кейін Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың (Астана мен Алматы) ономастика комиссиясы республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қаладағы аудандарына, құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау бойынша қорытындылар береді;

7.1.6. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қаладағы аудандарына, құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселені республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдары республика-

лық ономастика комиссиясымен келісілгеннен кейін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде шешім шығарады.

7.2. Облыстық маңызы бар қалалардағы (облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар) тиісті аумақ халқының пікірін ескеру:

7.2.1. Облыстық маңызы бар қалалардағы (облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар) аудандарға, қаладағы құрамдас бөліктеріне атау беру және оларды қайта атау кезінде тиісті жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақ халқының пікірін ескеру үшін қажетті материалдарды тиісті мәслихаттардың, яғни облыс орталығының, облыстық маңызы бар қаланың қалалық мәслихаттың қарауына енгізеді;

7.2.2. Тиісті аумақ халқының пікірі мәслихаттың тұрақты комиссияларының өткізілген көпшілік тыңдауларының негізінде ескеріліп, хаттамамен ресімделеді;

7.2.3. Тиісті мәслихаттардың тұрақты комиссияларының хаттамалары жеті жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады;

7.2.4. Тиісті мәслихаттардың тұрақты комиссияларының хаттамасымен ресімделген облыстық маңызы бар қаладағы аудандарға, құрамдас бөліктеріне атау беру және оларды қайта атау кезінде тиісті аумақ халқының ескерілген пікірі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тиісті ономастика (Республикалық ономастика комиссиясы) комиссияларының қарауына ұсынылады;

7.2.5. Республикалық ономастика комиссиясымен келісілгеннен кейін облыстық өкілді және атқарушы органдар облыстық маңызы бар қаладағы аудандарға, құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау бойынша мәселе облыстық өкілді және атқарушы органдардың бірлескен шешімімен жүзеге асырады.

8. Облыстық өкілді және атқарушы органдардың қызметі

8. Облыстық өкілді және атқарушы органдар:

8.1. Облыстық ономастика комиссиясының құрамына филолог ма-

мандар, тарихшылар, өлкетанушылар және тағы басқа да ономастика саласын зерттеп жүрген ғалымдарды енгізеді;

8.2. Облыстық ономастика комиссиясының жұмыс органы болып табылатын тіл саясатымен айналысатын басқармалар облыстық маңызы бар қалалардың құрамдас бөліктеріне (*көше, даңғыл, орамдар, саябақ және т.б*) атау беру және қайта атау бойынша тиісті жұмыстар жүргізіп, құжаттарды сараптап, толықтырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына ұсынады;

8.3. Елді мекендерді, кенттерді, ауылдық округтерді, ауылдарды және т.б. атау және қайта атау мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының келісімінен кейін облыстық ономастика комиссиясының отырысында қаралады;

8.4. Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру тәртібінің сақталуын қатаң бақылайды;

8.5. Облыстық маңызы бар қалалардың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қолданыстағы 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 Үкіметтің қаулысымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына» сәйкес және осы ұсынымның 7-бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізеді;

8.6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына жолданатын құжаттарды сараптап, яғни қолданыстағы заңнамада көрсетілген критерийлерге және осы әдістемелік ұсынымда көрсетілген тәртіпке сәйкес жолдануын жіті қадағалайды;

8.7. Қолданыстағы заңнамада көрсетілген критерийлерге және осы әдістемелік ұсынымда көрсетілген тәртіпке сәйкес келмейтін құжаттарды қабылдамай, кері қайтарады;

8.8. Сыртқы жарнама мен көрнекі ақпарат мәселесін бақылауды 11-бөлікте көрсетілген талаптарға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізеді;

8.9. Атау беру және қайта атау кезінде ұсынылған атаулар бойынша

республика халқының құрметпен қарауын қалыптастыру мақсатында халықпен түсіндіру жұмыстарын, мерзімді баспасөзде материалдар жариялау, теледидар мен радиодан *(белгілі зиялы қауым өкілдерін тарта отырып)* хабарлар ұйымдастырады;

8.10. Ономастиканың көкейтесті проблемалары бойынша республикалық конференциялар, өңірлік көшпелі семинарлар, дөнгелек үстелдер өткізеді.

9. Қалалық өкілді және атқарушы органдардың қызметі

9.1. Қалалық өкілді және атқарушы органдардың жанынан ономастика саласына қатысты құрамы ғалымдар (филолог, тарихшы, өлкетанушы және ономастика саласын зерттеп жүрген белгілі ғалымдар) мен арнайы мамандардан тұратын жұмыс топтары құрылады;

9.2. Аталған жұмыс топтары қала әкімдігінің қаулысымен бекітіледі;

9.3. Жұмыс топтары облыстық маңызы бар қалалардың құрамдас бөліктеріне (көше, даңғыл, орамдар, саябақ, және т.б) атау беру және қайта атау бойынша тиісті жұмыстар жүргізіп, құжаттарды сараптап, толықтырып, облыстық өкілді және атқарушы органдарға ұсынады;

9.4. Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру тәртібінің сақталуын қатаң бақылайды;

9.5. Облыстық маңызы бар қалалардың құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қолданыстағы 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 Үкіметтің қаулысымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына» сәйкес және осы ұсынымдағы 7-бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізеді;

9.6. Облыстық ономастика комиссиясының қарауына жолданытын құжаттарды сараптап, яғни қолданыстағы заңнамада көрсетілген критерийлерге және осы әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген тәртіпке сәйкес жолдануын жіті қадағалайды;

9.7. Қолданыстағы заңнамада көрсетілген критерийлерге және осы әдістемелік ұсынымда көрсетілген тәртіпке сәйкес келмейтін құжаттарды қабылдамай, кері қайтарады;

9.8. Сыртқы жарнама мен көрнекі ақпарат мәселесін бақылауды 11-бөлікте көрсетілген талаптарға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізеді;

9.9. Атау беру және қайта атау кезінде ұсынылған атаулар бойынша республика халқының құрметпен қарауын қалыптастыру мақсатында халықпен түсіндіру жұмыстарын, мерзімді баспасөзде материалдар жариялау, теледидар мен радиодан (белгілі зиялы қауым өкілдерін тарта отырып) хабарлар ұйымдастырады;

9.10. Ономастиканың көкейтесті проблемалары бойынша республикалық конференциялар, өңірлік көшпелі семинарлар, дөнгелек үстелдер өткізеді.

10. Аудандық өкілді және атқарушы органдардың қызметі

10.1. Аудандық өкілді және атқарушы органдардың жанынан ономастика саласына қатысты құрамы ғалымдар (филолог, тарихшы, өлкетанушы және ономастика саласын зерттеп жүрген белгілі ғалымдар) мен арнайы мамандардан тұратын жұмыс топтары құрылады;

10.2. Аталған жұмыс топтары аудан әкімдігінің қаулысымен бекітіледі;

10.3. Бұл арнайы құрылған жұмыс топтары тиісті өңірлерде байырғы елді мекендердің тарихи атауларын қайтару мақсатында көнекөз қарияларды, өлкетанушыларды, тарихшыларды тарту арқылы жұмыстар жүргізуі қажет;

10.4. Елді мекендерді (ауыл, ауылдық округтер және т.б.) және аудандық маңызы бар қалалардың құрамдас бөліктеріне (*көше, даңғыл, орамдар, саябақ және т.б*) атау беру және қайта атау бойынша тиісті жұмыстар жүргізіп, құжаттарды сараптап, толықтырып, облыстық ономастика комиссиясының қарауына ұсынады;

10.5. Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру тәртібінің сақталуын қатаң бақылайды;

10.6. Облыстық ономастика комиссиясының қарауына жолданытын құжаттарды сараптап, яғни қолданыстағы заңнамада көрсетілген критерийлерге және осы әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген тәртіпке сәйкес жолдануын жіті қадағалайды;

10.7. Қолданыстағы заңнамада көрсетілген критерийлерге және осы әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген тәртіпке сәйкес келмейтін құжаттарды қабылдамай, кері қайтарады;

10.8. Байырғы тарихи атаулары бар елді мекендер бойынша жергілікті ғалымдарды тарта отырып, олардың тарихи атауларын қайтару жөнінде тиісті жұмыстар жүргізеді;

10.9. Ауылдық округтерге, аудандық маңызы бар қалаларға, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қолданыстағы 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 Үкіметтің қаулысымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына» сәйкес жүзеге асырады;

10.10. Сыртқы жарнама мен көрнекі ақпарат мәселесін бақылауды 11-бөлікте көрсетілген талаптарға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізеді;

10.11. Атау беру және қайта атау кезінде ұсынылған атаулар бойынша, әсіресе елді мекендердің байырғы тарихи атауын қайтару кезінде халықты хабардар ету, сондай-ақ республика халқының құрметпен қарауын қалыптастыру мақсатында халықпен түсіндіру жұмыстарын, елді мекеннің қайтарылатын тарихи атауы туралы мерзімді баспасөзде материалдар жариялау, теледидар мен радиодан (*белгілі зиялы қауым өкілдерін тарта отырып*) хабарлар ұйымдастырады;

10.12. Ономастиканың көкейтесті проблемалары бойынша республикалық конференциялар, өңірлік көшпелі семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізеді.

11. Көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнама мәселелері

Жергілікті атқарушы органдарға (облыстық, қалалық, аудандық) осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу мақсатында:

11.1. Сыртқы жарнама мен көрнекі ақпарат мәтіндерінде орын алған қателіктерді түзету және олардың алдын алу мақсатында жеке кәсіпкерлер мен жарнама агенттіктерімен тығыз байланыс орнатады;

11.2. Облыстық тіл саясатымен айналысатын басқармалары, аудандық, қалалық тіл және мәдениет бөлімдері жанынан сыртқы жарнама мен көрнекі ақпарат, әсіресе тауарлық жапсырмалар (этикеткалар) мәтіндерінің қатесіз сауатты жазылуын бақылау мақсатында тегін кеңес беретін «Жедел желі», «Call Center» орнатады;

11.3. Аталған мәселелерді іске асыру мақсатында үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жобалар қарастырады;

11.4. Облыстық тіл саясатымен айналысатын басқармалары, аудандық, қалалық тіл және мәдениет бөлімдері жанынан консультациялық көмек көрсету бойынша жедел желінің қызмет көрсететіндігі жөнінде БАҚ-тарда, оның ішінде интернет ресурстарында хабарландыру беру, сондай-ақ бейнероликтер, әлеуметтік желілерде аккаунт орнату, байланыс желілері арқылы sms-хабарлама қызметтерін жүзеге асырады;

11.5. Жергілікті атқарушы органдар (облыстық, қалалық, аудандық) тарапынан өңірлердегі сыртқы (көрнекі) жарнама мәселесін бақылаудан тыс қалдырмас үшін еріктілерді, жергілікті мәслихат депутаттарын, үкіметтік емес ұйымдарды және т.б. тарта отырып әдістемелік көмек көрсету мақсатында үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізеді;

11.6. Заңнама талаптарын түсіндіру, әдістемелік көмек көрсету, насихат жұмыстарын күшейту мақсатында жергілікті жерлердегі жеке кәсіпкерлер палатасының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының, әділет департаментінің жауапты мамандарын тарта отырып, түрлі дөңгелек үстелдер, жиналыстар, семинарлар өткізеді;

11.7. Көрнекі ақпарат пен жарнамалардағы тіл нормаларының сақталуын бақылау, жүйелеу, әдістемелік көмек көрсету мақсатында жылына үш мәрте рейд жұмыстарын ұйымдастырады;

11.8. Деректемелер мен көрнекі ақпараттарда тіл нормалары Қазақстан Республикасы заңдары мен нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді;

11.9. Нысандарға көрнекі ақпараттар мен жарнамаларды орналастыру, олардың мәтіндерімен келісу жұмыстарын «Электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz порталы арқылы жүргізеді;

11.10. Жарнамалардағы заң бұзушылықтар мен орын алған қателіктердің алдын алу мақсатында, рейд барысында анықталған қателер мен заң бұзушылықтарды БАҚ-тарда жариялайды.

Осы ұсынымдар Қазақстан Республикасындағы ономастикалық қызметті үйлестіру және реттеу үшін жергілікті атқарушы органдарға жұмыс барысында басшылыққа алу мақсатында беріледі.

**Республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы,
астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше
аншлагтарын жазу және орналастыру жөніндегі
ҰСЫНЫМДАР**

1. Жалпы бөлім

Осы республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы және астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлагтарын жазу және орналастыру жөніндегі ұсынымдар әзірленді.

Көше аншлагтары ғимараттар, үйлер, мекемелер мен кәсіпорындардың қасбеттерін рәсімдеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Көше атаулары жазылған тақтайшалардың дұрыс жазылып және дұрыс орналастырылуымен қатар, олардың республика аумағында әр қаласында, әр елді мекенінде бірыңғай үлгіде жасалынып, ілінуі көшелеріміздің сәулетін, көркін арттырып, тарихи, мәдени танымдық тәрбие береді. Осыған орай ұсынымдар жергілікті өкілді және атқарушы органдармен келісіліп, көше аншлагтарын реттеу үшін ұсынылады.

2. Ғимарат аншлагтары

2.1. Аншлагтардағы көше аты тиесілі тарихи, дәстүрлі атаулар мен тұлғалардың есімдері ешқандай қысқартусыз толық жазылады.

Жазылу нұсқасы: Бауыржан Момышұлы, Сәкен Сейфуллин көшесі, даңғылы т.б.

2.2. Бойындағы дара қабілеті, ерекше қасиеттеріне сәйкес есімдері елге кеңінен мәлім болған тұлғалардың аттары дәстүрлі нормаға сәйкес жазылады.

Жазылу нұсқасы: Ақан сері көшесі, Біржан сал көшесі, Күйші Дина көшесі, Құрманғазы көшесі, Абай даңғылы, Балуан Шолақ көшесі және т.б.

2.3. Көше атауы тиесілі тарихи, дәстүрлі атаулар мен тұлғалардың есімдері аншлагқа өзге тілдерге аударылмай, мемлекеттік тілдегі нұсқасы жазылады.

Жазылу нұсқасы: Абай көшесі, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, Тәуелсіздік даңғылы және т.б.

2.4. Облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалардың аншлагтарындағы көше атауы мемлекеттік тілде, ал көшесі

деген сөз қажет болған жағдайда үш тілде: «көшесі, улица, street» жазылады (1-үлгі). Ал аудан, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлагтарында тек «көшесі» сөзі жазылады (2-үлгі).

2.5. Облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалардың аншлагтарындағы даңғылдар атауы мемлекеттік тілде, ал даңғылы деген сөз қажет болған жағдайда үш тілде: «даңғылы, проспект, avenue» болып жазылады (3-үлгі).

2.6. Аншлагтар ұзындығы 120 см, ені 25 см, қалыңдығы 0,8 см болатын пластик тақтайшадан жасалынады.

2.7. Аншлаг шартты түрде үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте көше аты тиесілі тұлғаның аты-жөні немесе тарихи, дәстүрлі атаулары солдан оңға қарай жазылады, екінші бөлікте шеңбер ішіне ғимараттың реттік нөмірі, қажет болған жағдайда таяқша арқылы көрсетіледі (4-үлгі), ал үшінші бөлікте көшесі (даңғылы) деген сөз жазылады /2.4/, /2.5/. Бірінші және үшінші бөліктің асты мен үсті ұлттық нақыштағы өрнектермен жиектеледі.

2.8. Көше атауы тиесілі тарихи, дәстүрлі атаулар мен тұлғалардың есімдері бас әріптермен жазылады.

Жазылу нұсқасы: **ШОҚАН УӘЛИХАНОВ КӨШЕСІ, МІР-ЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ КӨШЕСІ, АБАЙ ДАҢҒЫЛЫ және т.б.**

Сондай-ақ, үшінші бөліктегі жазулар да бас әріптермен жазылады.

Жазылу нұсқасы: **КӨШЕСІ, УЛИЦА, STREET, ДАҢҒЫЛЫ, ПРОСПЕКТ, AVENUE және т.б.**

Аншлаг жазуларындағы үлкен әріптер – 9 см, кіші әріптер – 3 см, **Arial** шрифтімен жазылады.

2.9. Негізгі фоны көк түсті жарық шағылыстыратын жабыннан жасалған, әріптер және өрнектер ақ түсті.

3. Жол аншлагтары

3.1. Жол бойындағы және жол қиылыстарындағы көше (даңғыл, тұйық көше және т.б.) атаулары көрсетілетін белгі аншлагтар мемлекеттік тілде жазылады.

3.2. Жол бойындағы және жол қиылыстарындағы көше (даңғыл, тұйық көше және т.б.) атаулары көрсетілетін белгі аншлагтар ұзындығы 120 см, ені 26 см болатын пластик тақтайшадан жасалынады. Жан-жағынан беріктігі мен ұзақ уақыттық жарамдылығын қамтамасыз ететін металл қоршауға алынады (5-үлгі).

3.3. Аншлагтағы жазулар екі қатардан тұрады. Бірінші қатарға көше (даңғыл, тұйық көше және т.б.) атауы, екінші қатарға тиісті «көше», «даңғыл» сөзі тақтайшаның екі бетіне де оңнан солға қарай жазылады.

3.4. Тақтайшаның негізгі фоны – ақ, ал жазулар - қара түсті. Тақтайшаның көшені (даңғылды, тұйық көшені және т.б.) нұсқап тұрған жағы дөңес болып келеді. Ал қарама-қарсы жағы ұлттық нақыштағы өрнектермен жиектеледі (6-үлгі).

3.5. Көше (даңғыл, тұйық көше және т.б.) атауы 105 мм болатын бас әріптермен, «көше», «даңғыл» сөзі 55 мм болатын кіші әріптермен және барлық жазу **Arial** шрифтімен жазылады /2.8./.

3.6. Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар және басқа да ірі қалалардағы магистралдық жолдардағы ақпараттық аншлагтар ұзындығы 150 см, ені 75 см болатын пластик тақтайшадан жасалынады (7- үлгі). Аншлаг жоғарғы және төменгі жиектері ұлттық нақыштағы өрнектермен безендірілген жарық шағылыстыратын ақ және жарық шағылыстыратын көк түске бөлінген екі негізгі бөліктен тұрады. Жоғарғы бөлігіне жол бойымен тік бағыттағы көшелер (даңғылдар), нысандар, атаулары ақ әріптермен, ал төменгі бөлігіне жол бойымен көлденең бағыттағы көшелер (даңғылдар), нысандар атаулары көк әріптермен жазылады. Жазудың оң жағына тиісті көшесі (даңғылы) деген сөз жазылады /2.1/, /2.2/, /2.3/,/2.4/, /2.5/, /2.8/. Жазулардың сол жағына бағыт нұсқағыштар мен тиісті қашықтық мөлшері көрсетіледі.

3.7. Магистралдық жолдардағы ақпараттық аншлагтардағы жазулардағы үлкен әріптер – 10 см, кіші әріптер – 7 см, Arial шрифтімен жазылады.

4. Орналастыру тәртібі

4.1. Көше атаулары мен ғимараттардың реттік нөмірлері көрсетілген аншлагтар ғимараттардың қабырғасына жерден 2,5-тен 3,0 метрге дейінгі биіктікте ілінеді.

4.2. Жол бойындағы және жол қиылыстарындағы көше (даңғыл, тұйық көше және т.б.) атауы көрсетілген жол аншлагтары жол бойындағы және жол қиылыстарындағы бағандарға жерден 2,5-тен 3,0 метрге дейінгі биіктікте орналастырылады. Жол қиылыстарында аншлагтар бір-бірін жауып қалмау үшін сатылай ілінеді.


4.3. Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар және басқа да ірі қалалардағы магистралдық жолдардағы ақпараттық аншлағтар арнайы орнатылған бағандарға немесе бағдаршам тіреуішіне ілінеді.



2-үлгі

ЖОБА

Аудан, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше атаулары мен ғимараттардың реттік нөмірлері көрсетілетін анилагтардың үлгісі




1 - 1 орындалуы:
алаңы $S=0,3$ м;
120 см. x 25 см x 0,8 см.

3-үлгі

ЖОБА


Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар және ірі қалалардағы даңғылдардың атаулары мен ғимараттардың реттік нөмірлері көрсетілетін анилагтардың үлгісі



1 - 1 орындалуы:
алаңы $S=0,3$ м;
120 см. x 25 см x 0,8 см.

4-үлгі


*Облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалардағы
көшелердің атаулары мен ғимараттардың реттік нөмірлері
көрсетілетін анишлагтардың үлгісі*



1 - 1 орындалуы:
алаңы $S=0,3$ м;
120 см. x 25 см x 0,8 см.

5-үлгі

жоба



№	Қысқартылған пішінді қолдануға болмайды	Қысқартылған пішінді қолдануға болмайды	Қысқартылған пішінді қолдануға болмайды	Қысқартылған пішінді қолдануға болмайды	Қысқартылған пішінді қолдануға болмайды

Издательство «Астана»

Автор: Назарбаев

График: Назарбаев

Иллюстрация: Назарбаев

ТОО "ДММ Алматы"

6-үлгі

ЖОБА

Жол бойындағы және жол қиылыстарындағы даңғылдар мен кошелердің атаулары көрсетілетін анилагтардың үлгісі

РЕСПУБЛИКА даңғылы

Бас әріптер - 105 мм

Кіші әріптер - 55 мм

Шрифт - Arial

Әріптер түсі - қара

Фон - ақ

7-үлгі

жоба

Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар және басқа да ірі қалалардағы магистралдық жолдардағы ақпараттық анилагтардың үлгісі



Үлкен әріптер - 10 см

Кіші әріптер - 7 см

Шрифт - Arial

ҰЛТТЫҚ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫ БІРІЗДЕНДІРУ

Қазақстан Республикасы егемендігін жариялағаннан бастап тіліміздің ономастикалық кеңістігіндегі атаулар кең халықаралық қолданысқа түсіп отыр. Қазіргі әлемдегі геосаяси, ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктің күрделене түсуіне байланысты өмірде жаңа реалийлер мен ұғым-түсініктер пайда болуда. Жаңа салалар қатарында тіптен ғаламтордағы жалқы есімдердің қолданысы, интернет домендері мен сайт атауларын т.б. келтіре беруге болады. Көптеген халықаралық маңызы бар ресми құжаттар мен картографиялық, ақпарат таратушы жүйелер мен дипломатиялық, тасымалдаушы халықаралық ұйымдардың деректерінде еліміздің жер-су атаулары мен ұлттық компания, фирма атаулары және ұлты қазақ азаматтарының аты-жөндері орын алуы заңды. Халықаралық ұйымдарға ұлттық тілдің заңдылықтарына сай таңбаланған атаулар қажетті.

Жер-су атауларын нормаландыру. Еліміздің ономастикалық жүйесіндегі атаулар тек өз тілімізге, қажеттілігімізге ғана қызмет етіп қоймай, халықаралық қауымдастыққа да қолжетімді болу үшін алдымен өз тілімізде нормаландыру аса қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы № 4106 Жарлығындағы «Тілдердің қызмет аясы мен даму туралы Мемлекеттік бағдарламасының» Терминологиялық және ономастикалық жұмыстар» туралы 6-бабының 47-тармағында «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктері атауларының анықтама-сөздігін» дайындап, жүйелі түрде жиі-жиі шығарып тұру қамтамасыз етілсін» деп көрсетілген. Осыған орай, Ономастика бөлімінің қызметкерлері елді мекен атауларының қазақ, орыс тілдеріндегі орфографиялық нормаларға сай «Қазақстан Республикасы топонимдері» атты 20 баспа табақтық сөздік шығарған болатын. Кезінде көптеген мекемелерге (Қазпошта, карта жасау мекемелері, жалпы Республикадағы жер-су атауларын күнделікті қызметтерінде қажетсінетін т.б. мекемелер) осы ереже бойынша жазылған еңбек өз қолғабысын тигізді.

Эксонимдік атауларды нормаландыру. Тілімізге мемлекеттік мәртебе берілгелі ұлттық негіздегі картографиялық, энциклопедиялық, білім беру саласына қатысты анықтамалықтар мен өзге де ономастикаға тікелей қатысы бар өнімдердің қажеттілігі артып отыр.

Эксонимдік атаулар тіліміздегі әлемдегі барлық мемлекеттер мен олардағы көптеген қала, елді мекен, жер-су атауларына қатысты айтылады. Мұндай атауларға күнделікті тіршілікте жиі кезігіп отырамыз. Олар карталарда, мектеп оқулықтарында да кең қолданыс табады. Бұл салада талай іс-шаралар да атқарылып келеді. Мәселен, мемлекеттік тілдегі картографиялық өнімдер мен ұлттық энциклопедиядағы картографиялық материалдар арнайы тілдік сараптамадан өтпеген десек болады. Өйткені бұлар әркім өз шама-шарқынша аударала салатын дүние емес. Атаулардың транскрипциясында, әсіресе шетелдік атаулардың аударылуында ала-құлалық пайда болады. Сондай-ақ, алуан түрлі сипаттағы атлас, карталарда қателер жетерлік. Мәселен, Ұлттық энциклопедияның 5-томындағы картада Қырғызстан деп таңбаланса, 2,7 – томдарында Қырғызия деп жазылғанды қалай түсінуге болады және мұндай мысалдарды өзге карталардан келтіре беруге болады.

Сондай-ақ, мектепке арналған астрономия оқулығы мен карталардағы жұлдыз атауларын да қазақыландыру керектігіне көз жеткіздік. Аспан әлемі картасында көптеген космонимдік атаулар халықаралық жазылуы күйінде берілген. Бірақ олардың қазақша баламасы бар ғой, мысалы, *Кассиопея – Қарақұрт, Орион – Үшарқар, Альдебаран – Сұлусары, Алькор – Ұлпілдек* және т.б. деген қазақтың ежелгі түсінігіндегі атаулары бар екен. Ал Малайя Медведица – Кіші Аю деп аударылыпты, алайда бұл жұлдыздың ежелгі қазақша баламасы Алтыарқар деп аталады екен. Космонимдерді түсіндіргенде қазақтың ежелгі таным-түсінігінен, наным-сенімінен, салт-дәстүрлерінен, халықтық білім жүйесінен мол этномәдени ақпарат беретін дереккөз ретінде жас ұрпаққа ұлттық мазмұндағы білім беруге бағыттау қажет. Осыған орай көптеген эксонимдік атауларды да реттестіруде жүйелілік керек. «Дүниежүзінің саяси картасын» аударғанымызда көптеген қиыншылықтарға кезігіп, аудару барысында кейбір ережелерді ойлап табуға тура келді. Мәселен, Антарктидадағы *Земля принца Чарльза, Земля принцессы Елизаветы* т.б. осы сынды атаулар-

ды *Ханзада Чарльз жері, Ханишайым Елизавета жері* деп аударған болатынбыз, алайда «Ұлттық энциклопедияда» Принц Чарльз жері, Принцесса Елизавета жері деп аударылған. Біздің пайымдауымызша, *принц, принцесса* сөздері аударылуы тиіс.

Сондай-ақ, географиялық апеллятивтер, сын есімнен жасалған атаулар мен топонимдік компоненттер кей жағдайда аударылуы тиіс, мысалы, Африкадағы река Оранжевая, Ресейдегі Северный Байкал, бірақ Северо-Байкальский аударылмайды. Оның себебептерін арнайы ережеде негіздеу қажет. Мысалы, Северный Байкал - Солтүстік Байкал, ал Северо-Байкальский атауын аударсақ, дефис түсіп қалады да елді мекеннің атауы емес, Байкал көлінің солтүстік жағы (Северный Байкал) деп түсініледі.

Сонымен қатар діни мазмұндағы әр халықтың наным-сеніміне қатысты *о.Рождественская, о.Возрождения, м.Провидения* сынды атаулар аударылмай алынуы тиіс. Ал Қазақстан энциклопедиясында *остров Возрождения - Өркендеу аралы* деп аударылған, бұл аударма қағидасына қайшы келеді, өйткені христиан дініндегі «Христово возрождение», ұғымдарымен байланысты. Осы сынды мысалдарды қазақыландыруға тиіс дүниежүзі мемлекеттерінің атаулары бойынша жүздеп, мыңдап келтіре беруге болады.

Әлемдегі экзонимдік атауларды аударуды қысқаша төмендегідей топтастыруға болады:

- толық аударылатын атаулар. Мысалы, *Доброй Надежды – Қайырымды Үміт аралы, Тихий океан – Тынық мұхит;*
- аударылмайтын атаулар. Мысалы, *Буэнос-Айрес;*
- жарым-жартылай аударылатын композиттік атаулар. Мысалы, *Новые Гибриды – Жаңа Гибридтер;*
- қазақыландырылған экзонимдер. Мысалы, *аль-Бахрейн – Әл-Бахрейн, Тегран т.б.*

Ономастикалық атауларды латын әліпбиінде жазу мәселесі

Қазіргі таңда әлемде қалыптасып отырған күрделі геосаяси жағдайда, жаппай жаһандану үрдісі қоғамдық өмірдің барлық салаларында дерлік етек жайып бара жатқан кезеңде халқымыз өзінің ұлттық бірегейлігін, өздігін жоғалтпай, өзгеге өзін мойындатуда ұлт мәдениетін, тілін, тарихын, рухани құндылықтар жүйесін, адами,

этикалық мұраттарын зерделеудің орны ерекше.

Еліміздің мындаған атаулары халықаралық қызметтердің жұмысы барысында, дипломатиялық келісімшарттарда, Қазақстанға келген шетелдік және шетелдегі инвесторлар т.б. құжаттарында ағылшын тілінде, қазірдің өзінде латын қарпімен ұлттық нұсқаға негізделе отырып, біізді транслитерациялануы тиіс.

Ұлттық ономастиканың алдында тұрған күрделі ғылыми мәселелердің санатында орыс тіліне (жазылуына) басымдылық беріліп келген экзонимдік атауларды (шетел атаулары) қайтадан қазақша таңбалауда түпнұсқаға барынша жақын тұлғада транслитерациялау қажеттілігі, мысалы, (Москва – *Мәскеу*, Алжир – *әл-Жазира*, Түркия – *Түркие*, Каир – *Қайыр*, Тегеран – *Тегһран*, Баку – *Бақы*, Пекин – *Бей-жін*, т.б.).

Осыған орай, ЮНЕСКО-ның атауларды дұрыс жазуға қатысты талаптары латын қарпінде болмаған және ресми аудармасы жоқ экзонимдерді (шетілдік атаулар) ғана транслитерациялау не аудару қажет екендігін, сондай-ақ, географиялық атаулардың жергілікті қолданысына сүйене отырып жазылуы керек екендігін көрсетеді.

Қазақстанда латын әліпбиі негізіндегі ресми стандарттың болмауынан қазақ ономастикалық атауларын латынша жазғанда, әр түрлі халықаралық стандарттарға салғанда ала-құлалыққа жол берілді. Мысалы, **Қапшағай** топонимы аталмыш стандарттарға сай бірнеше түрде жазылады екен: *Kapschagaj //Kapshagaj//Kapşagaj//Kapshagaı*. Ал қазақтың **Абылайхан** есімі біріне-бірі ұқсамайтын түрлі транслитерацияда беріледі *Abylajhan//Abylajkhan//Aby`lajxan//Abylaikhan//Abūlaikhan//Abylajxan//Abylajchan*. Қазақтың орысша жазылған Қадыржанов тегі бірнеше нұсқада жазылады екен: (с транслит жүйелері көрсетілген): *Qadyrzhanov (TRANSLIT) //Qady`rzhanov (ICO9B) //Qadyrzhanov (BSI) //Qadyrżhanov (UN) //Qadyrshanow (DUDEN)* (Халықаралық транслитерация стандарттары осы баяндама қосымшасында берілген).

Ерекше айта кететін жайт: қазіргі қолданыстағы аты-жөндерімізді транслитерациялау стандарттары, аталмыш стандарттарға сай қазақ кісі есімдерін тек орыс тілінен транслитерацияланған. Өйткені кері кириллицаға ретранслитерациялағанда қазақ тілінің **қ, н, ғ, ө, ә** дыбыстары жоғалып кетеді де орнына орыс тіліндегі **к, н, о, а** графема-

лары «бой түзеп тұра қалады». Сондықтан қазақ ономастикалық атауларын, жер-су атаулары болсын, азаматтардың аты-жөндері болсын, латын негізді қазақ жазуының тек ұлттық стандарты қабылданғанда ғана адекватты көрініс табатындығы анық, яғни төл дыбыстардың жазылуы, айтылуы сақталмақ.

АТАУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ НЕГІЗГІ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕР

Ономастикалық атаулардағы бас әріп емлесі

1. Осы күнгі кісі есімдеріндегі қосымшалар (*хан, бек, зада, бай, т.б.*) титулды білдірмейді, сондықтан жұрнақ есебінде жұмсалады да, кісі есімімен бірігіп жазылады (*Батырхан, Тұрсынзада, Бекзада, Ағылбек, Бекболат*);

2. Жер-су атауларының ішіндегі географиялық терминдер кіші әріппен, ал атаудың құрамындағы жалқы есім мен бірінші тұрған сөз бас әріппен жазылады (*Үлкен Алматы өзені*);

3. Күрделі жер аттарының бірінші сыңары болатын тұрақты анықтауыштар бас әріптен басталып, бөлек жазылады (*Ақ Ертіс, Қара Ертіс, Кенді Алтай*);

4. *Халықаралық, дүниежүзілік, бүкілдүниежүзілік, бүкіләлемдік, әлемдік, мемлекетаралық, азиялық, америкалық, республикалық, қазақ ұлттық* т.б. тірек сөздер күрделі-құрама атаудың басында келсе, бас әріппен, ортасында келсе, кіші әріппен жазылады (*Халықаралық өмірбаян орталығы, Шығыс елдері халықаралық сәулет академиясы*);

5. Екі күрделі-құрама атау тіркесіп келген жағдайда екінші атаудың басында тұрған тірек сөз кешенді атаудың ортасында тұрғанына қарамастан бас әріппен жазылады (*Қазақстан Республикасы министрлігі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты*);

6. Тірек сөздердің бірнешеуі атау ішінде қатарласа келсе, біріншісі ғана бас әріппен жазылады (*Қазақ ұлттық университеті*);

7. Екі немесе үш күрделі-құрама атау тіркесіп келген кешенді атауларда ірі және кіші нысаналардың аттары бас әріппен беріледі (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Тіл мәдениеті бөлімі*);

8. Кешенді атаудың ішіндегі жалқы есім қай тұста тұрғанына қарамастан бас әріппен беріледі (*Қазақстан Республикасы Мәдениет*

және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы);

9. Қалалық микротопоним атауларына сәулет, мемориалдық ғимарат, алаң, кешен, мәдениет үйі, сауықтыру орындары, мәдени мекемелер мен ойын-сауық көрсететін орындардың т.б. аттары кірді. Микротопоним атаудың бірінші сөзі бас әріппен, қалғандары кіші әріппен жазылады. Егер атау құрамында жалқы есім кездесетін болса, ол бас әріппен беріледі.

Бөлек жазылатын ономастикалық атаулар

1) Күрделі атаулардың (мемлекет, республика, облыс, мекеме, ұйым аттарының) әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *Қазақстан Республикасы, Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы.*

Бірге жазылатын ономастикалық атаулар

1) Екі кейде үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар, негізінен, түбірі сақталып, бірге жазылады. Мысалы: *Досжан, Өтепберген, Әбдіманап, Мергенбай, Қартбай, Талдықорған, Жезқазған, Екібастұз, Қызылжарқұдық, Ақтүйесай, Ақдаласор.*

Алдыңғы сыңары дауысты дыбысқа аяқталып, екіншісі дауыстыдан басталатын, негізінен, кісі есімдеріндегі қатар келетін екі дауыстының бірі (алғашқысы) түсіріліп жазылады. *Қожа+Ахмет - Қожахмет, Торы+айғыр - Торайғыр, Мырза+әлі - Мырзәлі (немесе Мырзалы).*

Ескерту: а) Адам аттарының ішінде *бек, хан, мырза, құл, әлі (әли, гали)* сияқты сөздермен жасалған есімдердің сыңарлары да әрдайым бірігіп жазылады: *Мырзалы, Тұрсынзада, Әбдуәлі (Әбдуәли), Құлмұхамбет, Бекмұхамбет;* соңғы кездерде байқалғандай жалқы есімдердің сыңарларын ажыратып жазу (*Мырза Әлі, Бек Мұхамбет*) тәжірибесі сәтті емес.

Ұлы, қызы сөздері фамилияны және әкесінің атын білдіретін сөздермен тіркескенде, жалқы есімге косылып жазылады. Мысалы: *Ахмет Байтұрсынұлы, Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Омарханұлы Әуезов.*

ә) екі түбірден құралған бірқатар кісі аттары түбір тұлғалары

өзгеріп біріккен түрінде жазылады. Мысалы: *Дәметкен, Ұлмекен (Дәмееткен, Ұлмаекен емес)*;

б) екінші сыңары қ, к дыбыстарынан басталатын кейбір кісі аттары екі түбірдің үндесу ыңғайына қарай да жазылады: алдыңғы түбір қатаң дыбысқа аяқталса, келесі сөз де қатаң қ, к әріптерімен жазылады. Мысалы: *Күсепқали, Қоскелді, Айткелді, Айтқожа, Сейітқұл, Аққыз; алдыңғы түбір дауысты дыбыстар мен ұяң, үнді дыбыстарға аяқталғанда, келесі түбірдің басқы дыбыстары ұяндап, ғ, ғ болып айтылса, ғ, ғ әріптері жазылады. Мысалы: Амангелді, Нұргелді, Төрегелді, Нұрғиса, Нұрғожа, Есенгүл, Қарагөз, Ботагөз, Айғыз. Ал қатаң түрде айтылса, қ, к әріптері жазылады. Мысалы: Әбілқайыр, Әбдіқадыр, Әбілқасым, Қаламқас, Бибікамал, Шәмшіқамар*;

в) қазақтың төл сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған кісі аттары қатарынан екі дауыссыз дыбыстан басталмайды, олардың не алдынан, не ортасынан ы, і әріптерінің бірі жазылады. Мысалы: *Ысқақ (Сқақ емес), Ысқақбай (Сқақбай емес), Сымахан (Смахан емес), Ырза (Рза емес), Ырзабай (Рзабай емес), Рысалды (Рсалды емес)*;

г) аттас жерлерді бір-бірінен ажырату үшін тіркескен анықтауыш есімдер бас әріптен басталып, бөлек жазылады. Мысалы: *Кіші Азия, Орта Азия, Орталық Азия, Үлкен Қарой, Кіші Қарой*.

Ономастикалық атаулардағы бас әріптің қолданылуы

1) Жалқы есімдер (кісі аттары, географиялық атаулар, кәсіпорындардың аттары, кітап, журнал, шығарма, мереке, мекеме, ұйым аттары т.б.) бас әріптен басталып жазылады. Мысалы: *Абай Құнанбаев, Рабиға Сыздықова, Балқаш, Көксу өзені, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы, Наурыз мейрамы, Ақпарат және коммуникация министрлігі, Мемлекеттік тілді дамыту институты*.

2) Күрделі есімдерден құралған мынадай атаулардың әрбір сөзі бас әріппен жазылады.

а) Ең жоғарғы мемлекеттік қызмет аттары мен құрметті атақтар: *Қазақстан Республикасы Президенті, Халық Қаһарманы*;

ә) мемлекеттердің, республикалардың, жоғарғы мекемелер мен ұйымдардың күрделі атауларының әр сөзі бас әріппен жазылады: *Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы*.

Ескерту. Әртүрлі мекемелердің, білім-ғылым орындарының, партиялардың, ұйымдардың, бірлестіктердің, қорлардың т.б. күрделі атауларының бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылады: Сыртқы істер министрлігі, Ғылым академиясы, Тіл білімі институты, Ұлттық банк қоры.

3) Бірінші әріптерден қысқарған мемлекет, үлкен халықаралық ұйым т.б. күрделі атауындағы әрбір сөздің бірінші әрпі бас әріппен жазылады. Мысалы: *ТМД* (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) *ҚР* (Қазақстан Республикасы), *БҰҰ* (Біріккен Ұлттар Ұйымы), *ҚХР* (Қытай Халық Республикасы).

Ескерту. Әріптерден қысқарған сөздердің бірқатары өзге тілдердегі тұлғасымен қолданылады: *НАТО*, *ЮНЕСКО*, *ГУЛАГ*, *УАЗ* (автомәшинесі).

Алғашқы сөздің бірінші буынынан, соңғы сөздердің бас әріптерінен қысқарып жасалған сөздердің қысқарған буынының алғашқы әрпі бас әріппен, қалған әріптері кіші әріппен жазылады. Мысалы: *ҚазТАГ*— *Қазақ телеграф агенттігі*, *ҚазҰУ* - *Қазақ Ұлттық университеті*.

ҚАЗАҚ АЗАМАТТАРЫ АТЫ-ЖӨНДЕРІНІҢ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ ҰСЫНЫМ

І. Жалпы қағида

1. Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері туралы бұл нұсқаулық (әрі қарай - Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» 1996 жылғы 2 сәуірдегі № 2923 және 2012 жылғы 4 ақпан, №265 Жарлықтарына сәйкес кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазуды реттеу мақсатында әзірленді және барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің күнделікті қызметінде басшылыққа алынады.

2. Нұсқаулық нормативтік-құқықтық акт болып табылады және қазақ азаматтарының аты-жөнін, яғни өз атын, әкесінің атын, тегін әдеби тіл нормасына, қазақ тілінің орфографиялық, кей жағдайда орфоэпиялық ережелеріне сәйкес жазуды реттейді.

3. Баланың аталуы, әкесінің және тегін алуға құқығы және азаматтардың есімдері мен тектерін өзгерту, анықтама беру «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 тоқсанның 26, № 518-IV Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі әділет департаменттерінің Азаматтық хал-актілерін (АХАЖ) жазу бөлімдері тараптарынан атқарылады.

4. Аты-жөндері өзбек, қырғыз, түркімен тілдерінде жазылған ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндері қазақ әдеби тілінің нормасына сай рәсімделеді. Мыс.: Кутлумуратов Бохтиёр Юлдашевич қазақ тілінде Құттымұрат Бақтияр Юлдашұлы, Эсенбаев Ильяс Гуванчулы қазақ тілінде Есенбай Илияс Қуанышұлы, Шаршеев Эльдияр Кенеш улу қазақ тілінде Сәрсей Алдияр Кенесұлы болып жазылады.

5. Әдеби көркем шығармалар мен ғылыми әдебиеттердегі, топографиялық карталардағы, мемлекеттік және меншік нысанына қарамайтын мекемелер мен ұйымдардың құжаттарындағы қазақ есімдерінің қазақша жазылуы және олардың орысша берілуі осы Нұсқаулық негізінде жазылады.

6. Қазақ тілінде қолданысқа түскен орыс есім-фамилиялары бастапқы тұлғасын толық сақтап, орыс тілінің орфографиялық заңы бойынша жазылады.

7. Қазақ есімдері Қазақстан Республикасында орыс тіліндегі (ресми тілдегі) нұсқасында да қазақ тілінің орфографиялық заңы бойынша, осы нұсқаулықты негізге ала отырып, мемлекеттік тілде жазылады.

8. Қазақ тіліне араб, парсы, монғол тілдерінен енген есімдер қазақ тілінің ішкі заңына сай қалыптасқан жазу, айту нұсқасында жазылады.

9. Бұрынырақта ономастикалық сөздіктерге, оқулықтар мен оқу құралдарына, әртүрлі тарихи-географиялық дереккөздеріне, сонымен бірге азаматтардың паспорты мен басқа да құжаттарына енгізілген қазақ халқының антропонимдерінің қате, бұрыс берілген транскрипциясы аталмыш нұсқаулық ережесі негізінде міндетті түрде түзетілуі қажет.

10. Батыс Еуропа және басқа шетел азаматтарының аты-жөні қазақ баспа орындарында, ғылыми-саяси әдебиеттерде, басқа да халықаралық басылымдарда, мемлекетаралық құжаттардағыдай өзгертілмей, бастапқы қалпында жазылды.

11. Нұсқаулықта көрсетілмеген жағдайларда аты-жөндерді дұрыс жазу туралы анықтаманы өкілетті органның сұрауы бойынша немесе жеке тұлғалардың өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты береді.

II. КІСІ АТТАРЫНЫҢ ЕМЛЕСІ

Дауысты дыбыс әріптерінің;

и, у дыбыс тіркесі таңбаларының қолданылуы

§1. А әрпі жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының бас, ортаңғы және үшінші буындарында жазылады.

<i>Ағабек</i>	<i>Ағила</i>
<i>Азамат</i>	<i>Ажар</i>
<i>Айбар</i>	<i>Айбала</i>

<i>Айдаралы</i>	<i>Айбарша</i>
<i>Айтқали</i>	<i>Айсара</i>
<i>Байжанбай</i>	<i>Балымша</i>
<i>Байназар</i>	<i>Балғайша</i>
<i>Сайлаубай</i>	<i>Нарима</i>
<i>Саламат</i>	<i>Нұрбала т.т.</i>

Ескерту: а) кісі есімдерінің бірінші сыңарларының бас жағында келетін [ж], [ш] дыбыстары мен [й] дыбысының ортасында келген [а] дыбысы көбінесе жіңішке [ә] болып айтылғанмен, жуан дауысты дыбыстың а әрпі жазылады. Мысалы: *Жайкен* (айтылуы Жәйкен), *Жаби* (айтылуы Жәби), *Жайлаубай* (айтылуы Жәйлаубай), *Шайым* (айтылуы Шәйім), *Шайгүл* (айтылуы Шәйгүл), *Шайзада* (айтылуы Шәйзада);

ә) кісі есімдерінің алғашқы не соңғы буындарындағы жіңішке дауыстылардың әуенімен келесі не соңғы буында жіңішке айтылатын (естілетін) [ә] дыбысы әрпінің орнына а әрпі жазылады: *Ләззат* (айтылуы Ләзәт), *Ләйла* (айтылуы Ләйлә), *Жәмила* (айтылуы Жәмилә), *Әлила* (айтылуы Әлилә), *Ділда* (айтылуы Ділдә), *Сәбира* (айтылуы Сәбирә) т.т.

§2. Ә әрпі кісі есімдерінің бірінші, екінші буындарында да жазылады.

<i>Әбен</i>	<i>Әдемі</i>
<i>Әбдірәлі</i>	<i>Әлия</i>
<i>Бейсенәлі</i>	<i>Зәмзәгүл</i>
<i>Жұмәлі</i>	<i>Күләнда</i>
<i>Кәрімбек</i>	<i>Ләзиза</i>
<i>Сейдәлім</i>	<i>Мәншүк т.т.</i>
<i>Тәжібай</i>	
<i>Тәліп</i>	
<i>Шәмиәди</i>	

Ескерту: Бірқатар жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының екінші буындарында келетін ә әрпі өзгеріссіз жазылады: Дүрдәлі, Мүтән, Күләй, Күлән, Күләнда, Күләш, Күләсия т.т.

§3. **Е** әрпі жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының барлық буынында жазылады.

<i>Едіге</i>	<i>Елдана</i>
<i>Еділ</i>	<i>Еңлік</i>
<i>Елжас</i>	<i>Еркежан</i>
<i>Еламан</i>	<i>Жемісгүл</i>
<i>Есенбек</i>	<i>Зере</i>
<i>Жеңіс</i>	<i>Зейнеп</i>
<i>Жексен</i>	<i>Зейнегүл</i>
<i>Жетен</i>	<i>Кенжегүл</i>
<i>Кенен</i>	<i>Мереке</i>
<i>Секен</i>	<i>Шекер т.т.</i>

Ескерту: Кейбір азаматтар басқа тілдер ықпалымен өз есімдері мен әке аты және ататектерін бұрмалап, мысалы: **Истаев** (Естаев орнына), **Исентаев** (Есентаев орнына), **Ишмұхамбет** (Ешмұхамбет орнына) өзгертіп қате жазып жүр. Бұл жайт қазақ тілінің орфографиялық ережесін бұрмалау болып табылады.

§4. **О** дауысты дыбыс әрпі жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының бас, ортаңғы буындарында жазылады.

<i>Омар</i>	<i>Оразгүл</i>
<i>Оңғар</i>	<i>Орынай</i>
<i>Ораз</i>	<i>Лола</i>
<i>Жандос</i>	<i>Таңиолпан</i>
<i>Тоқтар</i>	<i>Толқын</i>
<i>Тоқтасын</i>	<i>Тоғжан</i>
<i>Байторы</i>	<i>Толганай</i>

<i>Сейфолла</i>	<i>Торғын т.т.</i>
<i>Тоққожа</i>	
<i>Тойбай</i>	

§5. **Ө** дауысты дыбыс әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі аттарының көбіне бірінші буынында жазылады.

<i>Өркен</i>	<i>Бөрте</i>
<i>Бөжей</i>	<i>Гөзел</i>
<i>Бөкей</i>	<i>Өзипа</i>
<i>Бөлтірік</i>	<i>Көркем т.т.</i>
<i>Дөненбай</i>	
<i>Көпжасар</i>	
<i>Көлбай</i>	
<i>Өскенбай</i>	
<i>Төлеген</i>	

§ 6. **У** дауысты әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі аттарының бас, ортаңғы, соңғы буындарында жазылады.

<i>Уәйіс</i>	<i>Айшуақ</i>
<i>Уақап</i>	<i>Уәзипа</i>
<i>Уандық</i>	<i>Уәсила</i>
<i>Уахит</i>	<i>Ару</i>
<i>Уәли</i>	<i>Зәуре</i>
<i>Дәулет</i>	<i>Лаура</i>
<i>Дәуірбек</i>	<i>Сәруәр</i>
<i>Баубек</i>	<i>Бексұлу</i>
	<i>Жансұлу</i>
	<i>Нұрсұлу</i>
	<i>Інжу т.т.</i>

§7. Ұ дауысты әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі аттарының бас, ортаңғы, соңғы буындарында жазылады.

<i>Ұзақ</i>	<i>Ұлбибі</i>
<i>Ұлықбек</i>	<i>Ұлбике</i>
<i>Ұлықпан</i>	<i>Ұлбала</i>
<i>Бұғыбай</i>	<i>Ұлжан</i>
<i>Бұлқыш</i>	<i>Ұлту</i>
<i>Есенгұл</i>	<i>Ұмсынай</i>
<i>Жұмагұл</i>	<i>Ұлмекен</i>
<i>Керімқұл</i>	<i>Бұлбұл т.т.</i>
<i>Мақұлбек</i>	

§8. Ү дауысты әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі аттарының басқы, ортаңғы буындарында жазылады.

<i>Үдербай</i>	<i>Бүбінай</i>
<i>Үмбет</i>	<i>Бүбиша</i>
<i>Үркімбай</i>	<i>Үбайда</i>
<i>Үсенбай</i>	<i>Үміт</i>
<i>Үсен</i>	<i>Үрзия</i>
<i>Үстем</i>	<i>Үрия т.т.</i>
<i>Бүркіт</i>	
<i>Жүнісбек</i>	
<i>Жүрген</i>	
<i>Жүрсін</i>	

§9. И әрпі қазақ тіліне шет тілдерден енген есімдерде қосарлы [ый], [ій] дыбыстарының таңбасы ретінде де жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарында жазылады.

<i>Иса</i>	<i>Иба</i>
------------	------------

<i>Исатай</i>	<i>Әлия</i>
<i>Имантай</i>	<i>Изатима</i>
<i>Ғали</i>	<i>Зағипа</i>
<i>Әли</i>	<i>Имара</i>
<i>Игісін</i>	<i>Ираида</i>
<i>Игенбай</i>	<i>Ирма</i>
<i>Игілік</i>	<i>Уазипа</i>
<i>Қиясбек</i>	<i>Сағира т.т.</i>
<i>Исламжа</i>	

§10. **Ы, і** дауысты дыбыс әріптері кісі аттарының барлық буынында жазылады.

<i>Ыбырай</i>	<i>Айғаным</i>
<i>Ыбырайым</i>	<i>Айғыз</i>
<i>Ықылас</i>	<i>Аққыз</i>
<i>Ынтымақ</i>	<i>Балым</i>
<i>Ырзабек</i>	<i>Тыныс</i>
<i>Ғалым</i>	<i>Тыныштық</i>
<i>Жарқын</i>	<i>Тыныштыгүл</i>
<i>Қалыбек</i>	<i>Ырымжан</i>
<i>Тыныстан</i>	<i>Лашын</i>
<i>Ібітан</i>	<i>Сырғалы</i>
<i>Ізбасар</i>	<i>Ырзагүл</i>
<i>Ізгілік</i>	<i>Ілес</i>
<i>Ізтай</i>	<i>Іңкәр</i>
<i>Ізтілеу</i>	<i>Інжу</i>
<i>Ілебай</i>	<i>Ілімқан</i>
<i>Ілияс</i>	<i>Жібек</i>
<i>Іңкәрбек</i>	<i>Ақжүніс</i>
<i>Әжібай</i>	<i>Ақжібек</i>
<i>Беркімбай</i>	<i>Бүбіхан</i>

<i>Білгір</i>	<i>Бибінұр</i>
	<i>Бибісара</i>
	<i>Гүлсім</i>
	<i>Күлсін</i>
	<i>Мерейлі</i>
	<i>Мінаура т.т</i>

Ескерту: Тіліміздегі [ы],[і] дауысты дыбыстарынан басталатын жалпы есім сөздердің кейбіреулерінің жалқы есімге ауысқанда [ы] дыбысының түсіп қалу заңдылығы байқалады. Олар:

<i>Рымбай</i>	<i>Рымжан</i>
<i>Рысбек</i>	<i>Рысбала</i>
<i>Рысберген</i>	<i>Рысжан</i>
<i>Разы</i>	<i>Рыскүл</i>
<i>Райжан</i>	<i>Лашын</i>
<i>Рахмет</i>	<i>Лазы</i>

Дауыссыз дыбыс әріптерінің және я, ю дыбыс тіркесі таңбаларының кісі аттарында жазылуы

§1. **Б, г, ғ, д** әріптері орфографиялық ережеде көрсеткендей, сөздің, кісі есімдерінің бас, орта және соңғы буындарында жазылады.

<i>Бағай</i>	<i>Балжан</i>
<i>Бағлан</i>	<i>Балғынша</i>
<i>Бабажан</i>	<i>Балдай</i>
<i>Бабай</i>	<i>Балгүл</i>
<i>Байғожа</i>	<i>Балдайша</i>
<i>Бадамбай</i>	<i>Балзада</i>
<i>Бадыр</i>	<i>Балиша</i>
<i>Бегалы</i>	<i>Балымша</i>
<i>Бегеш</i>	<i>Батсайы</i>

<i>Бегімбет</i>	<i>Бегайым</i>
<i>Бекқожа</i>	<i>Бекдана</i>
	<i>Гүлжан т.т.</i>

§2. **Ж, з, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ш** әріптері де кісі есімдерінің басында, ортасында және соңында жазылады.

<i>Жалғасбек</i>	<i>Жазира</i>
<i>Жақсыбай</i>	<i>Жамал</i>
<i>Жамбыл</i>	<i>Жанар</i>
<i>Жанай</i>	<i>Жанерке</i>
<i>Жанмұрат</i>	<i>Жамиға</i>
<i>Жаңабай</i>	<i>Жаңылхан</i>
<i>Жапар</i>	<i>Зүлфия</i>
<i>Жарас</i>	<i>Әнипа</i>
<i>Жолшыбек</i>	<i>Сәуле</i>
<i>Заңғар</i>	<i>Разгүл</i>
<i>Кенесары</i>	<i>Рапия</i>
<i>Қасымбек</i>	<i>Рақия</i>
<i>Мұрат</i>	<i>Зибаиш</i>
<i>Мансұр</i>	<i>Зарина</i>
<i>Несіпбай</i>	<i>Зағипа</i>
<i>Нұрлан</i>	<i>Кәмила</i>
<i>Рамазан</i>	<i>Күнай</i>
<i>Сұлтан</i>	<i>Майра</i>
<i>Смадияр</i>	<i>Мәдина</i>
<i>Тоқтасын</i>	<i>Нұржамал</i>
<i>Фазыл</i>	<i>Нәзира</i>
<i>Халық</i>	<i>Разия</i>
<i>Шаймерден т.т.</i>	<i>Райгүл</i>
	<i>Сандуғаш</i>
	<i>Сәлима</i>

	<i>Тоғжан</i>
	<i>Танагүл</i>
	<i>Халида</i>
	<i>Халима</i>
	<i>Шайгүл</i>
	<i>Шәмшия</i>
	<i>Шамшат т.т.</i>

Ескерту: [л], [р] дыбыстарынан басталатын, одан кейін **а, ә, е, у, ұ, и** әріптері келетін кісі есімдерінде **ы, і** әріптері жазылмайды.

<i>Лекер</i>	<i>Лазым</i>
<i>Лесбек</i>	<i>Лашын</i>
<i>Ләшкер</i>	<i>Ләззат</i>
<i>Лесқан</i>	<i>Ләйлі</i>
<i>Лағыл</i>	<i>Ләтипа</i>
<i>Разы</i>	<i>Рымжан</i>
<i>Рай</i>	<i>Рыскүл</i>
<i>Райымбек</i>	<i>Рысхан</i>
<i>Райымжан</i>	<i>Рысжан</i>
<i>Райыс</i>	<i>Рысбала т.т.</i>
<i>Рақымбай</i>	
<i>Рамазан</i>	

§3. **Л, р** әріптерінен басталып, одан кейін қысаң [ы],[і] дауысты дыбыстары келетін кісі есімдерінің басында (*л, р* әріптерінен бұрын) **ы, і** әріптері тұрақты түрде сақталып жазылады.

<i>Ыбырай</i>	<i>Ілімжан</i>
<i>Ылайық</i>	<i>Ілес</i>
<i>Ықылас</i>	<i>Іңкәр</i>
<i>Ынталы</i>	<i>Ынтызар</i>

<i>Ібіжан</i>	<i>Ырзагүл</i>
<i>Ібітан</i>	<i>Ізбайша</i>
<i>Ізбасар</i>	<i>Илифа</i>
<i>Ізгілік</i>	<i>Інжу т.т</i>
<i>Ілияс</i>	
<i>Ізтай</i>	
<i>Ізтілеу</i>	
<i>Іңкәрбек</i>	

§4. **Ф, х, ч** әріптері орыс және шығыс, араб, парсы тілдерінен енген кісі аттарында жазылады.

<i>Фазыл</i>	<i>Фазила</i>
<i>Файзолла</i>	<i>Фариза</i>
<i>Фатхолла</i>	<i>Фаруза</i>
<i>Феликс</i>	<i>Фарзана</i>
<i>Хабиболла</i>	<i>Фарузия</i>
<i>Халел</i>	<i>Фироза</i>
<i>Хакім</i>	<i>Хабиба</i>
<i>Халид</i>	<i>Халида</i>
<i>Халық</i>	<i>Хатипа т.т.</i>

§5. **Һ** әрпі жазылуы дәстүрге айналған кісі есімдерінде сақталып жазылады. *Шаһарбай, Қаһар, Қаһарман, Гауһар, Жауһар* т.б.

§6. **Э** әрпі шет тілдерден енген кісі есімдерінде жазылады. Мысалы: *Эдуард, Эрнст, Эмиль, Элеонора, Элла, Эльвира, Эра* т.б.

§7. **Ю, я** әріптерінен бұрын *ы, і* әріптерінің де орнына *и* әрпі жазылады.

<i>Бахтияр</i>	<i>Әділия</i>
<i>Дәулетияр</i>	<i>Әлия</i>
<i>Дияр</i>	<i>Әсия</i>
<i>Жақия</i>	<i>Балқия</i>

<i>Құдияр</i>	<i>Бәлия</i>
<i>Данияр</i>	<i>Ғалия</i>
<i>Илияс</i>	<i>Жания</i>
<i>Мадияр</i>	<i>Дария</i>
<i>Молдияр</i>	<i>Ұрқия</i>
	<i>Сұлтания</i>
	<i>Күния т.т.</i>

§8. **Я** әрпі түбірдегі дауысты дыбыстан кейінгі қосынды [й+а] дыбыстарының орнына да қолданылады. *Аяз, Аязбек, Аян, Аяпберген, Баязит, Баянбай, Ноян, Баян, Сая, Саят, Мая* т.б.

III. БІРІККЕН ТҮЛҒАЛЫ КІСІ АТТАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§1. Екі және үш сөзден бірігіп жасалған, яғни көпқұрамды кісі аттары, негізінен түбірі сақталып жазылады.

<i>Азабек</i>	<i>Айбала</i>
<i>Ағыбай</i>	<i>Айбарша</i>
<i>Байжанбай</i>	<i>Балғаным</i>
<i>Ержанбек</i>	<i>Бәдігүлжамал</i>
<i>Ерқуатжан</i>	<i>Бегайым</i>
<i>Ишанқұлбек</i>	<i>Гүлжан</i>
<i>Қаржаубай</i>	<i>Данагүл</i>
<i>Құлмұхамбет</i>	<i>Жұмабике</i>
<i>Тайжанбай</i>	<i>Нұрсұлу</i>
<i>Ырысқұлбек</i>	<i>Үмігүлсім т.т.</i>

Ескерту: Соңғы кездері кейбір азаматтар өз есімдерін бөлшектеп **Бек-Әлі, Құл-Керім, Құрман-Ғали** тұлғаларында қолданылып жүр. Бұл – ережеге мүлдем қайшы.

§2. Кісі есімдерінің бірінші сыңарларындағы қатаң дыбыс әуенімен оған қосылатын екінші сыңардағы **б, г, ғ, ж** әріптері айтуда қатаңдап, [п], [к], [қ], [ш] дыбыстарына айналып кетсе де, жазуда бұл ескерілмей, әр сыңардың түбір тұлғасы сақталып жазылады.

<i>Арысбек (Арыспек емес)</i>	<i>Ақбала (Ақпала емес)</i>
<i>Жақыпбек (Жақыпбек емес)</i>	<i>Айбарша (Айпарша емес)</i>
<i>Кәріпбай (Кәріпнай емес)</i>	<i>Ақбәтес (Ақпәтес емес)</i>
<i>Жеңісбек (Жеңіспек емес)</i>	<i>Жеңісгүл (Жеңісгүл емес)</i>
<i>Зиятбек (Зиятбек емес)</i>	<i>Тоқбала (Тоқпала емес)</i>
<i>Есбай (Еспай емес)</i>	<i>Күлбара (Күлпара емес)</i>
<i>Күмісбек (Күміспек емес)</i>	<i>Сүйінбала (Сүйінпала емес)</i>
<i>Сәтбек (Сәтбек емес)</i>	<i>Танагүл (Танагүл емес)</i>
<i>Тасболат (Тасполат емес)</i>	<i>Ақбала (Ақпала емес)</i>
<i>Тұрапбай (Тұрапнай емес)</i>	
<i>Жарасбай (Жараспай емес)</i>	
<i>т.т.</i>	

§3. Кісі аттарының бірінші сыңарының соңындағы **[н]** дыбысы **қ, ғ, к, г** әріптерінің алдынан келсе, айтылуда **ң** дыбысына айналады. Бірақ жазуда сөздің түбірі сақталады.

Аманқұл (Амаңқұл емес)
Жанқабыл (Жаңқабыл емес)
Барманқұл (Бармаңқұл емес)
Дүйсенқұл (Дүйсеңқұл емес)
Жанғазы (Жаңғазы емес) т.т.

§4. Біріккен тұлғалы кісі есімдері сыңарының соңғы әрпі **з** болып, екінші сыңары **ж** әрпінен болса, **з** айтылуда өзгеріп, **ж** дыбысына айналады. Бірақ жазуда кісі есімдерінің түбірі сақталады.

Бозжан (Божжан емес)
Бозжігіт (Божжігіт емес)
Оразжан (Оражжан емес)

§5. Кісі есімдерінің бірінші сыңарындағы **с, з** әріптерінің бірі **ш** әрпінің алдына келсе, айтылуда екеуі **ш, щ** әріптері болып естіледі. Бірақ жазуда түбірі сақталады.

Қосшыбай (айтылуы: Қошшыбай – Қошшыбай)

§6. Екінші сыңары **қ, к** әріптерінен басталатын кісі есімдері екі түбірдің үндесу ыңғайына қарай жазылады. Алдыңғы түбір қатаң дыбысқа аяқталса, келесі сөзге қатаң **қ, к** әріптерін сақтап жазылады.

<i>Айткелді</i>	<i>Аққыз</i>
<i>Айтқожә</i>	<i>Ақкүміс</i>
<i>Бекқұл</i>	<i>Аққағаз</i>
<i>Досқара</i>	<i>Аққал т.б.</i>
<i>Құтқали</i>	
<i>Сейітқұл</i>	

§7. Бірінші сыңардың соңғы әріптері үнді, ұяң болып келсе, екінші сыңардағы сөздердің басқа әріптері қатаң [к], [қ] әріптерінен келсе, бұл қатаң әріптер айтылуда ұяңдап **ғ, г** дыбыстарына айналғанмен жазуда бұл құбылыс толық сақталып жазылады.

<i>Базаргелді</i>	<i>Айғаным</i>
<i>Байгелді</i>	<i>Ботагөз</i>
<i>Байғабыл</i>	<i>Жұмагүл</i>
<i>Байғанат</i>	<i>Нұрғайша</i>
<i>Жанғара</i>	<i>Нұрғаным</i>
<i>Жанғозы</i>	<i>Қарағыз</i>
<i>Жангелді</i>	<i>Дарағыз</i>
<i>Амангелді</i>	<i>Нұрғыз</i>
<i>Жұмагүл</i>	<i>Айғанша</i>
<i>Ергожа</i>	<i>Айнагөз</i>
<i>Малғара</i>	<i>Айғыз</i>
<i>Нұргелді</i>	<i>Ботагөз т.т.</i>
<i>Сарғожа</i>	
<i>Тұңғатар</i>	

Ескерту: Кейбір жағдайда әйел балалар есімдеріндегі *гүл* сөзі естілуінше *күл* түрінде де жазыла береді. Мысалы: *Аманкүл, Бейсенкүл, Жеңіскүл, Күлтай, Күлжан, Күлжамал, Күлдария, Күлшара т.т.*

§8. Морфологиялық принциптен ауытқып жазылатын кісі есімдеріне тән құбылыс – біріккен тұлғалы кісі есімдерінің аралығында екі дауысты дыбыс қатар келсе, алғашқысы түсіріліп жазылады.

<i>Әбдуәли</i> (Әбдіуәли емес)	<i>Дәметкен</i> (Дәмееткен емес)
<i>Жұмахмет</i> (Жұмаахмет емес)	<i>Ұлмекен</i> (Ұлмаекен емес)
<i>Жұмаділ</i> (Жұмаәділ емес)	<i>Айшайым</i> (Айшаайым емес) <i>Бибажар</i> (Бибіажар емес)
<i>Кенжалы</i> (Кенжеалы емес)	<i>Бибайша</i> (Бибіайша емес)
<i>Қожахмет</i> (Қожаахмет емес)	<i>Бүбайша</i> (Бүбіайша емес)
<i>Молдахмет</i> (Молдаахмет емес)	<i>Ұлмекен</i> (Ұлмаекен емес)
<i>Торайғыров</i> (Торыайғыров емес)	<i>Жұмекен</i> (Жұмаекен емес)
<i>Серәлі</i> (Серіәлі емес)	<i>Дәметкен</i> (Дәмееткен емес)
<i>Бердәлі</i> (Бердіәлі емес)	
<i>Бердоңғар</i> (Бердіоңғар емес)	

§9. Кісі есімдерінің бірінші сыңары **н** әрпінен аяқталып, екінші сыңары **б, қ, м, п** әріптерінің бірінен басталса, **н** әрпі өзгермей жазылады.

- Доспанбет* (Доспамбет емес)
- Атанбай* (Атамбай емес)
- Арғынбек* (Арғымбек емес)
- Байжанбай* (Байжамбай емес)
- Бейсенбай* (Бейсембай емес)
- Дүйсенбек* (Дүйсембек емес)
- Дүйсенбай* (Дүйсембай емес)
- Иманбай* (Имамбай емес)

IV. БАС ӘРІПТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

§1. Адамның төл аты, әкесінің аты және тегі (фамилиясы), сондай-ақ бүркеншік аты, лақап аты, қосымша аты (туып өскен елі, жеріне, кәсібіне байланысты немесе тарихи қосалқы аттар) бас әріппен жазылады.

1. Екі не үш мүшелі жүйе бойынша, бас әріптермен жазу.

а) өз аты; 2. әке аты; 3. тегі.

Мысалы: *Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Найла Оразғұлқызы Базанова, Шарбан Батталқызы Баттал* т.т.

ә) екі мүшелі жүйе бойынша әке атына ұлы, қызы сөздерін қосып, бас әріппен жазылады: *Асқар Мұқанұлы, Айдар Жантуарұлы, Алтынай Ауғанбекқызы, Жұмагүл Ыдырысқызы* т.т.

б) өз аты мен әке атын қосымшасыз, бас әріппен жазу: *Айдос Абылай, Мұқан Көлбай, Берік Жұмәділ, Асылша Байназар, Алмагүл Берікбай, Сәуле Асан* т.т.

2. Бүркеншік аттар бас әріппен жазылады: *Бұйрас, Быж, Шаңқан, Малақай, Қойшы, Кедей, Қарабала* (Бейімбет Майлиннің бүркеншік аттары). *Манан, Шамиль, Дүйенбі, Жұмақан* (Сәкен Сейфуллиннің бүркеншік аттары), *Таңқыбай, Матай, Мерген, Бөкейше, Тіліш, Марқа, Сақа, Ақжол, Қаптағай, Қордай* (Ілияс Жансүгіровтың бүркеншік аттары), *Қоңыр, Арқа, Арғын* (Мұхтар Әуезовтің бүркеншік аттары), *Бұйрас, Мәлтен, Бөгде, Қапсыңқа* (Қадыр Тайшықовтың бүркеншік аттары)

3. Лақап аттар бас әріппен жазылады:

а) жалаң және біріккен тұлғалы не екі сөзден бірігіп жасалған лақап аттар бас әріппен жазылады: *Бүкір, Қисық, Төкір, Бартбас, Байсеміз, Сабалақ, Сойдақтіс, Қасқыркөз, Телқара, Шойқара, Шойынқұлақ, Қарабала, Қасқұлақ* т.т.

ә) адамның мінез-құлқын, кескін-келбетін білдіретін лақап аттар және титул, атақ, лауазымды білдіретін сөздер кіші аттарының алдынан келсе, бас әріппен, соңынан келсе кіші әріппен жазылады: *Ер Төстік, Ер Көкше, Ер Қосай, Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Қамбар батыр, Қозы Көрпеш, Асанқайғы, Бұқар жырау, Ақан сері, Біржан сал, Айранкөз Абыл, Бұжыр Мақан, Жыланкөз Ыбырай, Жылтырбет Төребай, Қасқабас Сәлім, Шегір Асаубай, Күлімкөз Бопыш, Қаракөз Айша;*

б) аңыз, миф, әпсана кейіпкерлерінің, адам, төрт-түлік пірлері аттарының соңынан келіп анықтаушы тұлға ретінде айтылатын ата, баба, баб тәрізді сөздер кіші әріптермен жазылады. Баба ата, Бекет ата, Бектау ата, Шақпақ баба, Болған ана, Домалақ ана, Найман ана, Дәу баба, Арыстан баб; Қамбар ата, Ойсыл ата, Шекшек ата (немесе Сексек ата), Шолпан ата т.т.

V. ШЕТ ТІЛДЕРДЕН ЕНГЕН КІСІ ЕСІМДЕРІНІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§1. Араб, парсы және шығыс тілдерінен ертеректе еніп, сіңіскен кісі есімдері жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, тіліміздің жазу заңдылығына сай қалыптасқан күйінде жазыла береді: *Мұхамет, Мұхамбет, Мұқанбет, Махамбет, Мақанбет, Махмет. Әли, Әлі, Бақыт, Бахыт, Ғали, Қали, Оспан, Ғұсман, Құспан; Омар, Ғұмар, Құмар, Жүніс, Жұныс, Жүніс; Нүсіп, Жүсіп, Дүсіп, Түсіп; Нұрмұхамбет, Нұрмағамбет, Нұрмұқанбет; Халық, Қалық, Хасан, Хұсайын, Құсайын; Ахмет, Ақмет; Абдырахман, Абдрахман, Әбдірахман, Әбдірақ; Айса, Ғайса, Қайса; Ыдрыс, Ыдырыс, Ідіріс, Ідріс; Ысқақ, Сқақ, Исқақ; Сымат, Ысмат, Самат, Смағұл, Ысмағұл, Сымағұл; Ысмайыл, Сымайыл, Исмайыл; Закария, Захария, Зақария, Зікірия; Айша, Ғайша, Қайша, Хайша; Әлия, Ғалия, Қалия; Фатима, Бәтима, Патима, Пәтима; Гүлжәмила, Күлжәмила, Күлжан, Гүлжан; Уасила, Уәсила, Вазила; Хадиша, Қадиша, Қатиша, Бисенғали, Сисенғали, Күлбала, Күлтай, Жұмакүл, Айкүл* т.т.

§2. Араб тілінен енген «әл» артиклі бар қазақ азаматтарының есімі бірге жазылып, тұтас есім ретінде қабылданады.

§3. Тілімізге орыс тілінен келген және орыс тілі арқылы Батыс Еуропа тілдерінен енген есімдер орыс әдеби тілінің орфографиялық заңы бойынша өзгертілмей, бастапқы қалпында жазылып қолданылады. Мысалы: *Алексей, Александр, Андрей, Владимир, Виктор, Денис, Егор, Геннадий, Иван, Валентина, Галина, Ирина, Людмила, Екатерина, Люся, Лариса, Ольга, Оскар, Оксана, Артур, Марат, Роберт, Анжела* т.т.

Қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және тектері қазақ әдеби тілінің нормасына сай, осы ережелерді жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» 1996 жылғы сәуірдің 2-сіндегі және 2012 жылғы 4 ақпан, №265 Жарлығы бойынша жазылады.

VI. АТЫ-ЖӨНДІ ЖАЗУ ҮЛГІСІ

Қазақ азаматтарының аты-жөні мемлекеттік ономастика комиссиясының ұйғарымы бойынша үш мүшелі нұсқада жазылып қолданылады.

1. Кісінің өз аты, әкесінің аты, тегі (фамилиясы). Мысалы: *Жақан Оспанұлы Айдарбек, Молдан Бекетұлы Жомартбек, Бекболсын Асқарұлы Артықбай, Айша Омарқызы Асан, Ботагөз Саматқызы Бекжан, Гүлжан Ертайқызы Асылбек* т.т.

Ескерту: а) ұлты қазақ оралмандар Қазақстан Республикасының азаматтығын алған уақыттан бастап, олардың жеке куәліктері мен паспорттарындағы тегі, өз есімдері мен әке аттары қазақ әдеби тілінің нормасына сай, «Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері» жайлы Нұсқаулықтың «Аты-жөнді жазу үлгісіне» сай және Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен өз атын, әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» 2012 жылғы 4 ақпан, №256 Жарлығын басшылыққа ала отырып жазылады.

ә) Орта Азия республикаларынан оралған ұлты қазақ азаматтар Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен паспортын алу үшін өтініш білдірген кезде тегіне немесе әкесінің атына «ууулу, уулу, угли, кизи» сөздері жазылмай, қазақ әдеби тілінің нормасына сай «ұлы, қызы» сөздері қосылып, бөлек жазылмай, бірге жазылады. Мыс: *Асқар Асанұлы, Бекен Жанбайұлы, Гүлжан Базарбайқызы, Айгүл Омарқызы*. Сонымен қатар аты-жөндері өзбек, қырғыз, түркімен тілдерінде жазылған ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндері қазақ әдеби тілінің нормасына сай рәсімделеді. Мыс: *Кутлумуратов Бохтиёр Юлдашевич қазақ тілінде Құттымұрат Бақтияр Юлдашұлы, Эсенбаев Ильяс Гуванчулы қазақ тілінде Есенбай Ілияс Қуанышұлы, Шаршеев Эльдияр Кенеш уулу қазақ тілінде Сәрсей Алдияр Кеңесұлы* болып жазылады.

2. Кісінің өз аты, әкесінің атына ұлы және қызы деген сөздерді қосып, бірге жазу. Мысалы: *Азамат Бектайұлы, Бақыт Қуатұлы, Нұржан Достайұлы, Гүлнар Бекбергенқызы, Алма Ақжанқызы, Мәлдір Мұқатайқызы* т.т.

3. Өз есімдерінен соң әке атын қосымшасыз жазу. Мысалы: *Шерхан Мұртаза, Тахауи Ахтан, Айдар Әбіш, Бектай Оңғарбай, Жолдас*

Жұман; Анар Омар, Асылша Жанболат, Күлайша Әбдірахман, Жәмила Қаратай т.т.

Ескерту: ұлттық дәстүрімізге сай әрбір азамат өз әкесінің не атасының атын тегі ретінде жазуға ерікті.

§4. Аса бір салтанатты жағдайларда, ресми құжаттарда, сайлау тізімдерінде, жеке куәліктер мен паспорттарда бірінші тегі, екінші есімі, үшінші әке аты жазылады. Мысалы: Асан Болат Бақытұлы, Айдар Бекжан Мұқанұлы, Райбек Гүлжан Сәрсенқызы т.б.

§5. Әрбір азамат өз атын немесе әке аты мен тегін Қазақстан Республикасы **«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»** Кодексіне сәйкес осы Нұсқаулық негізінде өзгертуіне ерікті.

Ескерту: ә) Егер Жантуарұлы Бектай деген азаматтың жұбайы Иванова Тамара Егоровна оның тегіне көшкен жағдайда Жантуар Тамара Егоровна, болмаса Жантуарова Тамара Егоровна болып жазылуы өз еркінде.

б) Қоғабайұлының қызы Қоғабай Айжан Мұқанқызы болып жазылады.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАРНАМАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

Жарнама – маркетингтің, бизнес жүргізудің ғана емес, лингвистиканың да маңызды элементінің бірі. Онсыз бүгінгі қоғамды елестету мүмкін емес. Жарнама индустриясы – бүгінгі қоғамдағы этномәдени кеңістікті қалыптастыратын аса қуатты құрал.

Прагматонимдер жарнама мәтінінің түйін сөздері болып табылады. Олар жарнама мәтіндерінің барлық түрлерінде, оның барлық бөліктерінде (тақырыбында, негізгі мәтінінде, слоганында) кездеседі. Қарапайым сөзбен айтқанда, прагматоним термині тауар белгісі мен әртүрлі қызметтер жөніндегі ауызша түсінік деген ұғымды береді. Жарнама мәтінінде прагматонимдердің қолданылуының негізгі 4 тәсілі бар. Олар:

Бірінші тәсіл прагматоним тауардың қасиеттерін көрсетеді. Жарнама мәтініндегі бұл құбылыс имплицитті түрде жүруі мүмкін, яғни прагматоним тауар немесе қызметтер туралы объективті ақпаратпен ассоциативті түрде байланысады. Мәселен,

- тауардың мінездемесі және оның қолданыс аясын көрсету: *«Аквафреш – ауыз қуысына арналған жалғыз тіс пастасы!»* - *«Аквафреш – единая зубная паста для всего рта!»*;

- үнемшілдікке үгіттеу (арзан, тозбайды): *«Сорти – супер бағамен суперсапа»* - *«Сорти – супер качество по супер цене»*;

- тартымдылығына әрі әдемілігіне нұсқау: *«Estee Lauder. Сұлулық анықтамасы»* - *«Estee Lauder. Определение красоты»* (ііссу жарнамасы);

- жаңашылдықты паш ету: *«Суперроуминг – жаңа жаз, жаңа баға!»* - *«Суперроуминг – новое лето, новая цена!»*;

- тауардың керемет сапасына көңіл аударту: *«VESNOVKA – анау ең салтанатты үй!»* - *«VESNOVKA – тот самый роскошный дом!»*.

Сонымен қатар прагматоним мен қасиеттері арасындағы байланыс жанама түрде метафоралардың көмегімен жүзеге асуы мүмкін. Метафора жарнама мәтінін түрлендіреді, оны көркем етеді. Бұл тәсіл кеңінен қолданылады, ол аяқталмаған элементі бар

ықшам жарнамалық ұран құруға көмектеседі. Мұндай жарнамалық ақпараттар эмоциялық қабылдауға негізделеді, себебі аяқталмағандық қызығушылықты арттырады. Мысал ретінде мына төмендегі жарнамаларды келтірсек болады:

«Skittles – жемісті кемпірқосақ» - «Skittles – фруктовая радуга»;
«Taft – жібекті жылтыр қиял» - «Taft – блеск шелковой фантазий»;
«Мотилиум – сіздің асқазаныңыздың құтқарушысы» -
«Мотилиум – мотор для вашего желудка».

Біз талдаған мысалдарда прагматонимнің тек денотатты мағынасы алынды, яғни прагматонимнің лингвистикалық құрылысына жатпайтын атау және нақты тауар түрі қатынасы қарастырылды.

Екінші тәсіл – прагматонимдердің жарнама мәтінінде семантизациялануы. Яғни сөз және сөз тіркестері арқылы тауар атауының негізгі мағынасын ашу.

Мысалы: «Сен гажайыптың не екенін білесің бе? Ол – жақындарыңның күлімдегені, таңның балғындығы және жаздың күнінің әсемдігі. Гажайып – ол таусылмайтын бақыт және үнемі жаңа бастама. Және гажайып деген ол – піскен жемістер мен табиғи сүт. «Чудо-ны» өзіңмен алып жүр» - «А вы знаете, что такое чудо? Это улыбка близких, свежесть утра и красота летнего дня. Чудо – это всегда радость и всегда открытие. А еще чудо – это спелые фрукты и натуральное молоко. Возьми «Чудо» с собой».

Үшінші кең тараған тәсіл – негізгі мәтіндегі тауар атауының аударылуы. Бұл тәсілдің прагматикалық мақсаты – сөздің мағынасын басқа тілдің көмегімен ашу, яғни шет тілінен енген кірме сөзді қабылдауды, оны түсінуді жеңілдету, оны өз ана тіліне жақындастырып түсінікті ету. Бұл тәсіл көбіне тиімді болып табылады әрі уақытты үнемдейді, әрі тіл бірліктері мен сөз мағынасын нақтыландыра алады.

Аударманың жарнама саласында алатын орны ерекше. Жарнама мәтіндерінде аударманың екі түрі кездеседі:

Толық аударма:

«Мерси, болғаныңа рақмет – Мерси, спасибо, что ты есть».

Жартылай аударма: мәтін толықтай емес, оның жарты бөлігі немесе тауардың атауы аударылады:

«Вонаqua. Тірі судың күші - Вонаqua. Живая сила воды».

Төртінші тәсіл – жарнама мәтіндеріндегі прагматонимдердің дыбыстық ұқсастықтар арқылы берілуі. Бір сөзбен айтқанда, бұл тәсілде тауарға байланысты сөздер фонетикалық дыбыстардың ұйқасына құрылады. Мұндай қайталанулардың 4 түрі белгілі.

Олар: анафора – бастапқы дыбыстардың қайталануы; эпифора – соңғы дыбыстардың қайталануы; стык – бір сөздің соңғы дыбысының және келесі сөздің алдыңғы дыбысының қайталануы; рондо – бір сөздің алдыңғы дыбысының және екінші сөздің соңғы дыбысының қайталануы.

Мысал ретінде аллитерацияның кең таралған түрі анафораға құралған жарнама мәтіндерін келтіреміз:

«*Bosch*» *Безупречно Bosch*

«*Cinzano*» *Cin Cin Cinzano*

Дыбыстық ұйқасымның тағы бір кең тараған түрі ассонанс - дауысты дыбыстардың ұйқасуы. Прагматонимдер дауысты дыбыстардың ұйқастырылуы арқылы жиі беріледі. Бұл оның жарнамалық ықпал етуін күшейте түседі. Мәтін ритмикалық байланыс арқылы құрылады. Айтылуы жеңіл, тез ұғынылады. Мысалы:

«*Бір шаңырақ астында! Бір үйдің баласындай! Босағамыз берік!*»

«*Чистота – чисто Тайд*»

«*Canon. You can Canon*»

«*Bosch*» *Жаңа «Бошпен!»* - «*Bosch*» *С Новым «Бошем!»*»

Бесінші тәсіл паронимдер жарнама мәтінінде көркемдік құрал ретінде қолданылады. Мұндай тәсіл жарнама мәтініне мәнерлілік, көркемдік үстейді, мұнда троптар (антитеза, гипербола, метафора, метонимия, теңеу) қолданылады. Троптар жарнама мәтінін одан әрі сәнді түсу үшін пайдаланылады.

Мысалы: «*Zewa plus. Қауырсындай өте жұмсақ*» - «*Zewa plus. Мягкая, как перышко*» (*Неміс жастығының жарнамасы*);

«*Хеденшолдерс – қайызғақты ұмыт, сенімді өмір сүр!*»;

«*Ambre Solaire – сенің теңіз бен күн арманына жеткізетін гидің*»

Жарнамалатып отырған тауарға деген сенімділікті арттыра түсу үшін жарнама мәтіндерінде мәтелдер қолданылады. Мәтелдер белгілі бір тілдік ортаға таныс болғандықтан жарнама мәтіні үшін аса тиімді тәсіл болып табылады. Жарнама мәтінінде мәтелдер өзгеріске ұшырамай немесе аздаған өзгеріске ұшырап қолданылады. Мысалы:

«Югория. Сақтанғанды Югория сақтайды» - «Югория. Бережженного Югория бережет»;

«Казком – бір болсақ жақынбыз!».

Модификациялау, яғни мәтелдің негізгі сөзін прагматонимге ауыстыру адресаттың назарын жарнамада берілген нақты бір ақпаратқа аудару үшін және сол арқылы тауардың белгісіне акцент тастау үшін қажет.

Прагматоним көрініс беретін стилистиканың келесі құралы – параллелизм. Параллелизм – прагматонимдердің бірнеше рет қайталануы салдарынан күрделенген тілдік бірлік. Ол слогандарда жиі ұшырасады. Мысалы:

«*Кожса любит Johnson's, потому что Johnson's любит кожду*».

Жарнама мәтіндеріндегі онимдердің келесі түрі – **персоналийлер**. Жарнама мәтіндерінде жалқы есімдер (Jennifer, Денис Тен), лақап есімдер (Skinny), поэтонимдер (Лолита, Прометей), зоонимдер жиі ұшырасатындықтан, біз бұл онимдердің барлығын бір ұғымға сыйғызып, оларды бір ғана **персоналий** терминімен беріп отырмыз.

Жарнама мәтіндеріндегі персоналийлерді біз өзіндік ерекшеліктеріне қарай бес топқа бөліп қарастырамыз.

Бірінші топқа біз **адамдарға қатысты жалқы есімдерді** жатқыза-мыз. Мәселен, *Денис Тен, Nikolaus – Klaus* т.б. Жалқы есімдер жарнама мәтіндерінің 70% құрайтын персоналийлер қатарына жатады.

Елімізде жарнамалық технологиялардың дамуы барысында өзіміздің мамандарымыз пайда болды. Жарнамалық қызметтерді ұсынушы компания мамандары жарнаманың сұранысты ұстап тұратын экономикалық құрал ғана емес, тұтынушыларды, құндылықтарды қалыптастыруға әсер ететін идеологиялық құрал екенін де түсіне бастады. Басқа сөзбен айтқанда, жарнамашылар тапсырыс берушіге ұсынылатын өнімнің нәтижесі үшін үлкен жауапкершілікті алып жүретін болды.

Мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне тікелей аудару қазақ тілі үшін ең қауіпті аударма болып табылады, мысалы, «*Водаqua. Тірі судың күші - Водаqua. Живая сила воды*». Себебі ол:

1) қазақ тілін өзінің грамматикалық нормасы бар, әлемді тануда өзіндік жүйесі бар, ұлт тілі ретінде теріске шығарады;

2) қоғам санасына тікелей әсер ете алатын қызметі болғандықтан,

мұндай аудармалар тұрғындар санасына қазақ тілінің бұрмаланған қалпын, формалардың, тіпті мәдени құндылықтардың бұрмаланған, алмастырылған типін, антиқұндылықтарын насихаттап бекітеді.

Тауарлық таңба атаулары жөнінде

Адамзат ономастикалық атаулар қоршауында өмір сүруде. Байқасақ, бұған көп мән де бере бермейміз. Үйден аттап шықсақ, көше атаулары, дүкенге кірсек, неше түрлі азық-түлік өнімдері, күнде мінетін автокөлік атаулары, тіптен киім-кешекке дейін өзіндік бренд аттарға ие. Әдетте ономастикалық атаулар деп көпшілік жер-су атаулары мен кісі аты-жөндерін түсіндіреді. Алайда ономастиканың өзегінен осыған дейін шеткері жатқан перифериялық өрісінде көптеген салалары шоғырланған. Мәселен, эргонимдер (қала іші нысана атаулары) мен прагматонимдер - тауарлық таңба атаулары. Ономастиканың бұл салаларының өзекті салаларға айнала бастауының бір себебі еліміздің халықаралық қатынастарға қауымдасуы нәтижесінде нарықтық экономикасының дами түсуінде.

Еліміздің экономикасында нарықтық қарым-қатынас жандана түскен сайын ономастиканың бұрын шеткері болып саналатын жаңа салалары пайда болып, қарқындап даму үстінде. Қаланың тілдік ландшафын қалыптастыратын сондай көрнекі құралдардың бірі – жарнамалар мен мекеме маңдайшаларындағы компания, фирма, кәсіпорын, сауда-саттық т.б. орын атаулары, яғни эргонимдер болса, жарнамалардың басты компоненті тауарлық таңбалар (словесные товарные знаки) болып табылады.

Халықаралық алыс-беріс қарқындап дамуда, көптеген шетелдік тауарлар түрі отандық нарықта күн озған сайын арта түсуде. Балаға дейін білетін «Кока-кола», «Сникерстен» бастап, мыңдаған шетелдік тауарлар Қазақстан нарығында айналысқа еніп, оның атауларына көз де үйреніп, құлақ та үйренісіп, күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге сіңісті болып кетті. Әрине, бұл да жаһанданудың бір көрінісі, алыс-жақын шетел өнім атаулары мен кең танымал әлемдік брендтер атаулары отандық өнімдер мен брендтерден сан жағынан, әрине, салыстыруға да келмейді, анағұрлым асып түседі.

Алайда Қазақстанда өндірілетін тауар аттарының тілдік сипаты

қандай дегенге келсек, тек бір-екі өнім туралы ғана сөз етеміз. Мысалы, ұн – нан класына жататын өнімдердің мынадай атауларын келтіруге болады: *Цесна, Мукатай, Сұлтан, Ақсай нан, Алматинский, Ароматный, Ассорти, Бабушкин, Баварский, Багетта, Батон, Белый, Бородинский, Бутербродный, Городская, Горчичный, Дарвиш, Деликатесный, Диабетический, Домашний, Достык, Трапеза, Дрожжевой, Зерновой, Измайловская, Илийский, Казанский, Калач, Каравай свадебный, Красносельский, Тандырнан, Лепешка, Ақмарал, Майский, Нарезной, Народный, Особый, Отрубной, Пикантный, Пита, Казахстанская, Подмосковный, Подовый, Полувывпеченный, Президентский, Ржаной, Ромашка, Российский, Свердловская, Сельский, Серый, Славянская, Сладкий, Алейна, Социальный, Старорусский, Столичный, Студенческий, Сушки, Здоровье, Гостерный, Украинский, Формовой, Фруктовый, Хала, Цельнозерновой, Чайные, Элитный, Южный.*

Мұндай мысалдарды өзге кластағы отандық тауар өнімдеріне қатысты да келтіре беруге болады. Мысалы, кондитерлік өнімдер, салқындатқыш сусын атаулары мыңдап саналады және басым көпшілігі орыс тілінде екеніне көз жеткізуге болады. Біз танымал қазақстандық азық-түлік өндірушілерінің прайс парақшаларын бірсыпыра талдап көрдік. Тауар атауларының тізімінің ішінен *Астана, Рахат, Баян Сұлу, Әйгерім, Айтыс, Балапан, Махаббат, Гүлдер, Қызыл таң, Ажар, Алтын құм, Отырар, Песни Абая, Әсем, Нұр, Алатау Астана бөбек, Тойбастар, Тойбастар бөбек, Әсем, Арман* және т.б қазақ тіліндегі атаулары көз қуантады. Бірақ олар саусақпен санарлықтай. Ал кейбір өнім түрлерінен бірде-бір қазақша атау көре алмайсыз. *Буревестник, Василек, Вечер, Ласточка, Любимые Бэлис, Каприз,, Сафари, Молодежные, Цитрон, Этюд, Для тебя, Желает счастья, Гармония, Кипарис, Рахат, Северное сияние* конфеттері мен *Сарыағаш*-тан өзге *Буратино, Фантазия, Тархун, Легенда, Здоровячок* сусын атаулары шұбырып кете береді.

Бұл ең алдымен, тіл мәдениетін, өсіп келе жатқан ұрпақтың тілдік талғампаздығын қалыптастыратын фактор екенін ұмытпауымыз керек. Дүкен сөрелеріндегі тауар атаулары Қазақстанда емес, Ресейдің бір қаласында жүргендей елес береді. Бұл құбылыс өнімдердің өз тіліміздегі атауларына деген немқұрайлы көзқарас қалыптастырады.

Дегенмен, Қазақстан өнімдерінің қайталанбас ұлттық бет-бейнесін айқындайтын, этномәдени семантикаға бай мынадай атауларды келтіруге болады: *Астана, Қазақстан, Отырар, Айтыс, Тойбастар, Айналайын, Ажар, Рахат, Баян Сұлу, Қыз Жібек, Әйгерім* және т.б. Олар кумулятивтік қызмет атқара отырып, ұлттық құндылықтарымызды халықаралық деңгейде насихаттау құралына айналуы тиіс. Бұл да елімізді әлемге танытудың бір жолы.

Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстанның топонимдік кеңістігіндегі жағдаятқа талдау

Еліміз егемендікке ие болып, тәуелсіздік туын тігуі және қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болуы, ең алдымен, міндетті түрде Қазақстан жер-су атаулар жүйесінің ұлттық сипатқа қайта орала бастауына негіз болды. Ұлттық сананың жаңғыруы қазақ халқын мәдени, әлеуметтік өмірінің барлық салаларында көрініс тауып, ұмыт болған салт дәстүрлер рухани болмысты жандандырды.

Ономастика саласында жаңаша бетбұрысқа мұрындық болған қазіргі Қазақстан Республикасындағы елді мекен атауларын өзгертудің, реттеудің, қалпына келтірудің ең алғаш Тұжырымдама жобасын академик Ә. Қайдаров пен профессор Т. Жанұзақов жазып, баспасөз бетінде жарияланып, кең қоғамдық пікір тудырып, осы саладағы істің айтулы бастамасы болды. 1990 жылдың 20 сәуірінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен Қазақстан Үкіметі жанынан Мемлекеттік ономастикалық комиссия құрылды. Осы қаулыдан соң Ә. Қайдар мен Т.Жанұзақовтың «ҚазКСР-індегі Мемлекеттік және әкімшілік – территориялық бірліктердің атауларын реттеудің, елді мекендердің аттарын өзгерту және тарихи, географиялық атауларын қалпына келтірудің Тұжырымдамасы» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурызда № 281 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, теміржол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың транскрипциясын өзгертудің Тәртібі» республиканың барлық деңгейдегі ономастикалық комиссияларының жұмыстарында басшылыққа алынды.

Бұл тұжырымдамада «Қазақстан халқының географиялық атауларын қалпына келтіру, реттеу, қайтадан өзгерту, елді мекен атауларын қалпына келтіру жөніндегі өскелең талаптарын, сондай-ақ, республикадағы мемлекеттік және әкімшілік-территориялық объектілердің айтылуындағы ономастиканың тарихи, лингвистикалық және ғылыми принциптерінің елеулі түрде бұзылғандығын ескере келіп, Қазақ КСР Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссия қазақтың ежелгі тарихи, географиялық объектілерінің аттарын заңсыз және орынсыз өзгертуді жою, республика территориясында әр атаудың көп қайталануын реттеу, олардың қазақша жазылуы мен орысша транскрипциялануын бірізге түсіру мәселесін қарауды қажет деп санайды», - делінген және оның баптары мен тармақтары алғаш рет елді мекендерге жеке тұлғалардың есімдерін бермеу, бір әкімшілік бөлініс шеңберінде үш реттен артық қайталанбауын т.б. регламенттейтін бағдарлама құжат болды.

Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңі, яғни 90-шы жылдары бүкіл Қазақстан аймақтарында тарихи әділеттілікті қайтару мақсатында ондаған ірі елді мекен, облыстық орталық, ірі қалалар мен жүздеген, мыңдаған кент, ауылдар мен аудан, ауылдық округ атаулары өзгертілді, кейбіреуінің бұрынғы тарихи атаулары қалпына келтірілді, мысалы, *Гурьев – Атырау, Шевченко – Ақтау* т.б. Сондай-ақ, бұрмаланып жазылып жүрген атаулардың орысша транскрипциялары түзетілді, мысалы, *Кокшетау* (Кокчетав емес), *Бурабай* (Боровое емес), *Шымкент* (Чимкент емес), *Жетысай* (Джетысай емес), *Шортанды* (Щучье емес), *Бозашы* (Бузачи емес), *Талдықорған* (Талды-Курган емес), *Қызылорда* (Кзыл-Орда емес), *Алматы* (Алма-Ата емес) және т.б. Мемлекеттік, облыстық, жергілікті ономастикалық комиссиялардың жүргізген қыруар жұмыстарының арқасында мыңдаған бұрмаланған атаулардың ұлттық үрдіске сай орфографиясы түзетілді, мысалы, *Аблакетка – Абылайтекен, Калагир – Құлаайғыр, Чурбай-Нура – Шерубай – Нұра, Ктай – Ақтай* т.б.

Егемендік алған жылдардан бері Республиканың ірілі-ұсақты барлық елді мекендері топонимикасында да орасан зор өзгерістер болды. Қазақ халқының өткен тарихында із қалдырған, жеріміздің тұтастығы мен азаттығы үшін күрескен хандар мен батырлардың, ақын-жыраулар мен би, шешендердің, қуғынға ұшыраған Алаш қозғалысы қай-

раткерлерінің есімдері қалаларымыз бен ауылдарымыздағы көше, алаңдарға берілді. Мәселен, *Алматы қаласының өзінде орталық көше мен даңғылдарға Абылай хан, Наурызбай батыр, Қабанбай батыр, Қазыбек би, Бұхар жырау, Қарасай батыр, Сүйінбай ақын* т.б. көптеген қайраткер есімдері берілді. Алғашында өткен өмірдің елесі ретінде қазіргі заманауи қала концепциясында үйлесім таппай, тарихи анахронизм сияқты қабылданады деп наразылық білдірушілер де болды. Алайда уақыттың өзі таразы демекші, он-он бес жылдың ішінде бұл атауларға қала тұрғындарының да құлақтары үйреніп, ешбір қиындықсыз үйлесім тауып, заманауи атаулар ретінде қабылданып отыр. Жас елордамыз Астананың да орталық даңғылдары мен алаңдары *Тәуке хан, Қазыбек би, Әбілхайыр хан* т.б. сынды атаулар қала сәулетімен сіңісіп, бірден үйлесім тапты деуге болады.

Жаһандану жағдайындағы ұлттық ономастика. Әлемдік ақпараттық кеңістікте жаһандану үдерісі етек алуы ұлттық топонимикаға оң және кері әсер ететіндігі ақиқат. Қалаларымыздың тілдік ландшафты әлі күнге орыс тілі, графикасы, жалпы мәдениетінің ықпалынан толық шыға алмай келеді. Оның үстіне жаппай жаһандануға байланысты орыс тілінен өзге, ағылшын, қытай, кәріс тілдерінің әсері де күшейіп отыр. Бұл үдеріс негізінен, қала ономастикасына қатысты болып келетіндігін айту керек.

Қазіргі Қазақстан ономастикалық кеңістігінде оң өзгерістер мен қатар жаһандану, американдану, вестерндену үрдісі айқын байқалады. Мемлекеттік тілде қойылған атаулар, түрлі мекеме маңдайшаларындағы атаулар, визуалды сыртқы жарнама құралдары санада мықтап орнығады. Сондықтан ұлттық сананы, ұлттық идеяны қалыптастыруға, әсіресе, қала іші ономастиканың дені мемлекеттік тілде, ұлттық үрдісте қалыптасуы кезек күттірмейтін шаралар қатарына жатады.

Еліміздің қалалары мен ірі елді мекендерінің ішкі кеңістігінде, көше, ғимараттарында ағылшын тілді маңдайшалар көптеп кездеседі. Олар түрлі сауда-саттық, ойын-сауық кешендері, супермаркет, мейрамхана, жүздеген компания, акционерлік қоғамдар мен фирма атаулары шет елге еліктеп, ағылшын тіліндегі немесе қазақ тіліндегі атаулар ағылшын графикасымен таңбаланады. Әсіресе, еліміздегі ірі қаржы институттары, банктер, сондай-ақ, қызмет көрсету мекемелері т.с.с. өзге тілде ат қоюға үйірсек келеді. Қала көшелеріндегі

мандайшалар мен көрнекі құралдардың мазмұндарының космополиттік сипаттың басым болып бара жатқандығына мысал ретінде *Сити центр, Мегацентр, Силк Уэй* (бәрі ағылшын графикасында орындалған) тәрізді кешен атауларын келтіруге болады. Мұны қала топонимиясындағы жаһандану үрдісінің кері ықпалы, американдану, батыс еуропалық құндылықтарға мойынсұну, шамадан тыс еліктеудің әсері деп есептейміз. Өз кезегінде бұл фактордың ұлтжандылық, патриотизмдік сезімді, өскелең ұрпақты ұлттық негізде тәрбиелеуге кері әсер етері сөзсіз.

Астана және Алматы қалаларының ономастикасындағы кейбір мәселелер

Астана қаласының тұрғын үй кешендері атауларының жалпы саны 490, оның ішінде қазақ тіліндегі 257 атау, орыс тіліндегі 233 (ішінара шеттілдік атаулар кириллицамен берілген), ағылшын тілінде, латын графикасымен 49 атау берілген, яғни 10 пайызы.

Тұрғын кешен атауларының семантикасына назар аударсақ, Астана қаласында кездесетін қазақ тіліндегі атаулар: *Алтын Бұлақ, Алтын Ғасыр, Алтын Жиек, Алтын Қорған, Алтын Ұя, Жайдарман, Елімай, Еңлік, Еркежан, Арман Қала, Әсем Қала, Атамекен* және т.б.

Ал орысша атауларға келсек олар, *Венский квартал, Английский квартал, Верный, Версаль, Визит, Виктория, Возрождение, Времена года, Гармония, Городской романс, Гранд Астана Элит, Замечательный, Звезда Астаны, Зелёный квартал* және т.б. Бұл атауларда қазақша және шеттілдік аралас элементтер көп кездеседі екен.

Латын графикасындағы ағылшын тіліндегі атаулар: *Premier Palace, Millennium Park, Barselona, Arman De Lux, Akbulak Hills, Grand Alatau, Golden Towers, Rixos Khan Shatyr, Краун плаза, Английский квартал, Французский квартал* және т.б.

Алматы қаласы бойынша да тұрғын үй кешен атауларының тілдік бейнесі осыған жақын келеді, бірақ жалпы сан жағынан басым келетіндігі белгілі. Ағылшын тілді атаулардың сипаты *Apple Town, Dostyk Residence, Esentai Palace, Royal Gardens* деп кете береді.

Салыстыру мақсатында Мәскеу қаласының тұрғын үй кешен атауларының тілдік сипатын байқап көрдік, олардың санына жете алмай

кеттік, мың жарымнан едәуір асып түседі. Бірақ бізді таңқалдырғаны, ағылшын тіліндегі атаулар шашамен 5-7 пайызға әрең жетеді екен. Негізінен таза орыс тіліндегі төл атаулар, оның ішінде Мәскеу қаласының тарихи жерлері қайталанып келетін немесе поэтикалық, көркем атаулар көптеп кездесетінін көруге болады. Мысалы, *Князь Долгоруков, Спасские ворота, Пречистенка, Малиновый ручей, Марьяна роцца, Чеховский посад, Снегири, Назарьевские пруды, Лазоревый проезд, Ботанический сад, Ольховка, Новое Ступино, Белые росы, Мытищи, Новое Медведково, Высокие Воробьи, Дом у ручья* және т.б. Мәскеуліктердің тарихи, мәдени, эстетикалық, жалпы ұлттық танымын айқындап тұр.

Жарайды, мұны жаһанданудың лебі делік, одан айналып өткен бірде-бір мемлекет жоқ шығар. Бірақ Алматыдағы негізінен таза ағылшын тілінде қолданылатын эргонимдердің арасында қызмет көрсету нысандарының, оның ішінде түрлі фитнес клубтарының аттары біздің назарымызды еріксіз аударды. Олардың басым көпшілігі тек ағылшын тілінде келеді екен. Мысалы, бір сөзбен келетін атаулардан өзге келесі үлгідегі күрделі атаулар көп кездеседі: *Crossfit Brute Force (Кроссфит Брут Форс), Fideliti Helt&Spa (Фиделити Хэлс энд Сна), Invictus Fitness&Crosfit (Инвиктус Фитнес Энд Кроссфит), Vira Bhadra Yoga Rooms (Вира Бхадра Йога Румс)*. Бұлардан кім не түсінеді? Қатардағы қала тұрғындарының барлығы бірдей оқи да, түсіне де алмайды. Бізге әйтеуір фитнес сөзі ғана таныс.

Осыған ұқсас пікірді жаңаөзендік М.Лұқпан деген азамат та айтады: «Жаңаөзендік құрылыс мекемелерінің атауы аталғанда құлаққа жағымды, жүрекке жылы тиетіні анық. Мысалы, құрылыс жұмыстарын жүргізетін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден «Жер-Су», «Жақ-Жал» (Жақсылық-Жалғас), «Құрылыс монтаждау ЖК», «Өзен құрылыс», «Алғыс», «Өркен-1» деген сияқты атаулармен аталады. Ал Ақтаудан келіп құрылыс жұмыстарын жүргізетін кейбір жеке серіктестіктердің атауынан ат үркеді. Шынын айтқанда, әлгі мекемелердің атын атауға жетекшілерінің де бірден тілі келмей қалатын шығар. Маңдайшадағы атын бірден оқып түсіну мүмкін емес. Ал мағынасының қалай екенін екіншісі біле бермейді. Оған көз үйренбеген басқа қаріптермен бізге жат тілде жазылғандығы себеп болып отыр. Сондықтан ондай атаулар жалпы жұрттың есінде қала бермей-

ді. Мысалы, «NEW dynamic sistem» ЖШС, «Caspian Dive Services» ЖШС, «Design School» деген ЖШС-лардың атауынан не түсінуге болады? Бұлардікі тек қана өзгелерге еліктеу сияқты. Әйтпесе, бұл компаниялардың қожайындарына мекеменің атауын осылай ата деп ешкім зорлық жасамаған шығар». Бұл – тек ірі қаладан тыс шағын қалалардағы эргонимдердің қолдану ахуалын қатардағы қарапайым азаматтың көзімен көрсететін шындық.

Расында, бұл атаулардың ең болмағанда санын азайтуға болмас па екен? Айтпағымыз, еліміздің екі мегаполисінің ономастикалық кеңістігі, тілдік ортасының мазмұнын, атаулар репертуарын ұлттандыруға ұмтылу керек.

**ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты
(өзге қоғамдық-гуманитарлық институттар
ұсынымдары негізінде)**

ТАРИХИ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

1. **Ұлы дала Елі** – түркі тектес халықтардың, соның ішінде, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан материалдық және рухани құндылықтарының, этномәдени жүйесінің тарихи және табиғи тұрпаты;
2. **Мәңгілік Ел** – қазақ елінің ұлттық идеясы;
3. **Нұрлы жол** – Қазақстанның жаңа кезеңде мақсатты даму бағдарламасы;
4. **Қазақстан** – Орталық Азия мен Шығыс Еуропада орналасқан мемлекет;
5. **Тәуелсіздік** – әр халықтың дербес мемлекет ретінде өмір сүруі, қазақ халқы үшін бұл ұғым аса қымбат;
6. **Астана** – Қазақстан Республикасының астанасы;
7. **Алтын Орда** – қазіргі Қазақстан жеріндегі іргелі мемлекет атауы, Қазақ хандығы осы мемлекеттің мұрагері болды;
8. **Сарыарқа** – Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймағының бірі;
9. **Сауран** – XII ғасырда ірі сауда орталығы ретінде іргетасы қаланған. Ақ Орданың астанасы болған;
10. **Сарайшық** – орта ғасырлық қала, Алтын Орданың ірі сауда және экономикалық орталығы болған;
11. **Сығанақ** – ортағасырлық қала, Ақ Орданың астанасы болған;
12. **Түркістан** – ортағасырлық қала, Қазақ хандығының астанасы болған;
13. **Тұран** – Түркістан өлкесінің көне атауы;
14. **Ұлытау** – Сарыарқаның оңтүстік-батыс бетінде орналасқан тау, хандар ордасы;
15. **Алаш** – қазақ халқының байырғы және ұлт-азаттық қозғалысының атауы;

16. **Ақмола** – тарихи қала, өңір;
17. **Алматы** – Қазақстандағы ең ірі қала, мәдени орталық;
18. **Алакөл** – Қазақстанның шығысындағы ірі көл;
19. **Алатау** – Жетісудың оңтүстік бетіндегі тау жүйесі;
20. **Алтай** – Азия құрлығының орта тұсындағы тау жүйесі, түркі халықтарының тарихи мекені;
21. **Ақмешіт** – Қазақ АССР-інің тұңғыш астанасы, қазіргі Қызылорда қаласының бұрынғы тарихи атауы;
22. **Аңырақай** – қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық соғысына бетбұрыс жасаған 1729 жылғы ең ірі шайқасының атауы;
23. **Арал** – Қазақстанның оңтүстік-батысындағы ірі көл;
24. **Алтынемел** – Жетісу өңіріндегі тарихи мекен;
25. **Аягөз** – Шығыс Қазақстандағы ірі өзен;
26. **Орбұлақ** – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы ірі жеңісінің атауы;
27. **Мұғалжар** – Қазақстанның батысындағы тау сілемі, мұнда көне дәуірдегі тарихи кешендер сақталған;
28. **Мұзтау** – Алтай тауларының ең биік жоталарының бірі, Қазақстан, Ресей, Қытай және Монғолияның шекаралары ұштасатын, кей аңыздарда «жер кіндігі» саналатын мекен;
29. **Байқоңыр** – әлемге белгілі ғарыш айлағы;
30. **Баянауыл** - Орталық Қазақстандағы ұлттық табиғат паркі;
31. **Бұқтырма** – Қазақстанның шығысындағы өзен, су қоймасы орналасқан;
32. **Берел** – Алтайдың Қазақстан беткейінен табылған сақ дәуірінің тұрағы;
33. **Бұрабай** – Орталық Қазақстандағы ұлттық табиғат паркі;
34. **Бұланты** – қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы 1727 жылғы ірі шайқасының атауы;
35. **Балқаш** – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы ірі көл;
36. **Бозоқ** – Астана қаласы маңындағы ортағасырлық қалашық;
37. **Ботай** – Солтүстік Қазақстан өңірінен табылған тарихи тұрақ;
38. **Жанкент** – Сыр бойындағы ортағасырлық көне қала орны;
39. **Жетісу** – тарихи-географиялық аймақ;
40. **Жидебай** – Абайдың ата қонысы, табиғи қорық;

41. **Жерұйық** – аңыз-әңгімелерде, жырларда айтылатын ұлттық санадағы халық арманының мекендік көрінісі, бұл ұғым халықтың баянды, бақуатты өмірге ұмтылысын бейнелейді;
42. **Жайық** – Қазақстанның батысындағы ірі өзен;
43. **Жасыбай** – жоңғарларға қарсы соғыста қол бастаған Жасыбай батырдың есіміне байланысты көл атауы;
44. **Ерейментау** – Сарыарқаның солтүстігіндегі таулы алқап;
45. **Ертіс** – Қазақстандағы ең ірі өзен;
46. **Қазығұрт** – тіршіліктің бастауы жайлы аңыздарға негіз болған көне тау атауы;
47. **Қапшағай** – Жетісу өңіріндегі көне дәуірдің таңбалы тастары сақталған мекен;
48. **Қарқаралы** – Орталық Қазақстандағы тау және ұлттық табиғи парк атауы;
49. **Қаратау** – тау жоталарының атауы;
50. **Қозыбасы** – 1465 жылы Қазақ хандығы құрылған мекен;
51. **Қойлық** – ежелгі дәуірдегі Жетісудағы ең ірі қала;
52. **Медеу** – Алматы маңайындағы әлемге әйгілі мұз айдыны;
53. **Наурызым** – Қазақстанның солтүстігіндегі табиғи қорық;
54. **Ойыл** – Жайық алабындағы өзен;
55. **Оқжетпес** – Бурабай көлінің жағасындағы тау;
56. **Ордабасы** – қазақтың үш жүзі бас қосқан тарихи құрылтай өткізілген орын;
57. **Отырар** – Қазақстанның оңтүстігіндегі хандық дәуірдегі тарихи қала;
58. **Созақ** – Қазақ хандығы астаналарының бірі болған тарихи қала;
59. **Сайрам** – Қазақстанның оңтүстігіндегі орта ғасырдағы ірі қалалардың бірі;
60. **Сейхүн** – Сырдария өзенінің ортағасырлық тарихи атауы;
61. **Семей** – Алашорданың астанасы болған тарихи қала;
62. **Сырымбет** – тарихи елді мекен, «Сырымбет» тарихи-этнографиялық мұражайы орналасқан;
63. **Талас** – Қазақстанның оңтүстігіндегі өзен, оның бойында көне тарихи ескерткіштер сақталған;
64. **Тарбағатай** – Шығыс Қазақстандағы таулы жота;

65. **Тобыл** – Қазақстанның солтүстік-батысындағы өзен;
66. **Торғай** – тарихи-мәдени өңір;
67. **Үстірт** – Маңғыстау түбегіндегі қыратты аймақ;
68. **Іле** - Жетісудағы ең ірі өзен;
69. **Хантау** – тау атауы, осы өңірде Қазақ хандығы құрылған;
70. **Шыңғыстау** – Сарыарқаның шығыс бөлігіндегі тау жотасы, тарихи өңір.

**ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты
(өзге қоғамдық-гуманитарлық институттар
ұсынымдары негізінде)**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КОМИССИЯҒА
ҰСЫНЫЛАТЫН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР**

**VI-XIII ҒАСЫРЛАРДА ӨМІР СҮРГЕН
ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР**

1. **Тоныкөк** – Шығыс Түркі Қағанаты заманындағы абыз, қаған кеңесшісі (шамамен 646-731 ж. өмір сүрген).
2. **Білге қаған** – Шығыс Түркі Қағанатының қағаны (681-734 ж. өмір сүрген).
3. **Күлтегін** – Шығыс Түркі Қағанатының қолбасшысы (684-731 ж. өмір сүрген).
4. **Қорқыт** – түркі дәуіріндегі ұлы жырау (IXғ.).
5. **Әбу Насыр әл-Фараби** – орта ғасырдағы түркі әлемінің данышпан ойшылы, энциклопедист ғалым (870-950 ж.).
6. **Жүсіп Баласағұн** – түркі дәуіріндегі «Құтты Білік» дастанының авторы (1017-1075 ж.).
7. **Махмұд Қашқари** – түркі дәуіріндегі ғұлама-ғалым, түркі тілдерінің сөздігін жасаушы (1029-1101 ж.).
8. **Қожа Ахмет Йассауи** – түркі дәуіріндегі діндар-философ, сопылық ілімнің негізін қалаушы (1093-1166 ж.).

9. **Бейбарыс сұлтан** – Мысырда мәмлүктер мемлекетінің негізін салушы (1223-1277 ж.).
10. **Едіге** – түркі халықтарына ортақ батыр (XIII-XIV ғ.).

XIV-XVIII ҒАСЫРЛАРДА ӨМІР СҮРГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

11. **Асанқайғы Сәбитұлы** – ұлы жырау, философ (XIV-XV ғ.).
12. **Қазтуған Сүйінішұлы** – ұлы жырау (XIV-XV ғ.).
13. **Алпамыс батыр** – түркі дәуіріндегі есімі мен басқыншы жауға қарсы ерлігі халық арасына кеңінен тараған батыр
14. **Қобыланды батыр** – Қазақ хандығының қалыптасуының бастапқы кезеңіндегі атақты батыр (шамамен XV ғ.).
15. **Керей хан** – 1465-1478 ж. билік құрған, Қазақ хандығын негіздеуші
16. **Жәнібек хан** – 1478-1480 ж. билік құрған, Қазақ хандығын негіздеуші
17. **Мұхаммед Хайдар Дулати** – ортағасырлық тарихшы, «Тарих-и Рашиди» кітабының авторы (1499-1551 ж.).
18. **Қасым хан** – 1511-1518 ж. билік құрған қазақ ханы
19. **Қадырғали Жалайыри** – ортағасырлық тарихшы (1530-1605 ж.).

20. **Хақназар хан** – 1538-1580 ж. билік құрған қазақ ханы
21. **Тәуекел хан** – 1586-1598 ж. билік құрған қазақ ханы
22. **Қарасай батыр** – қазақтың ұлы батыры (1589-1671 ж.).
23. **Есім хан** – 1598-1628 ж. билік құрған қазақ ханы
24. **Салқам Жәңгір хан** – 1628-1652 ж. билік құрған қазақ ханы
25. **Әйтеке би** – қазақтың ұлы биі (1644-1700 ж.).
26. **Төле би** – қазақтың ұлы биі (1657-1756 ж.).
27. **Қазыбек би** – қазақтың ұлы биі (1665-1755 ж.).
28. **Бұқар жырау Қалқаманұлы** – қазақтың ұлы жырауы (1668-1781 ж.).
29. **Тәуке хан** – 1680-1718 ж. билік құрған қазақ ханы
30. **Бөгенбай батыр** – қазақтың ұлы батыры (1690-1778 ж.).
31. **Қабанбай батыр** – қазақтың ұлы батыры (1692-1770 ж.).
32. **Әбілқайыр хан** – Кіші жүз ханы

33. **Райымбек батыр** – қазақтың ұлы батыры (1705-1785 ж.).
34. **Наурызбай батыр** – қазақтың ұлы батыры (1706-1781 ж.).
35. **Абылай хан** – Орта жүз ханы (1711-1781 ж.).
36. **Сырым батыр** – қазақтың ұлы батыры (1723-1802 ж.).

XIX-XX ҒАСЫРЛАРДА ӨМІР СҮРГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

37. **Кенесары Қасымұлы** – Қазақтың соңғы ханы Қазақ халқының патшалық Ресейге, Қоқан және Хиуа хандықтарына қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресінің көсемі (1802-1847 ж.).
38. **Дулат Бабатайұлы** – көрнекті қазақ ақыны (1802-1874 ж.).
39. **Адольф Янушкевич** – Қазақстанға жер аударылған поляк революционері, қазақ халқының тарихын зерттеуші (1803-1857 ж.).
40. **Махамбет Өтемісұлы** – 1836-38 жылдарғы ұлт-азаттық күрестің жетекшісі, ақын (1804-1846 ж.).
41. **Тарас Шевченко** – Украинаның ұлы ақыны (1814-1861 ж.).
42. **Сүйінбай Аронұлы** – қазақтың аса көрнекті ақыны (1815-1898 ж.).

43. **Құрманғазы Сағырбайұлы** – ұлы күйші, композитор (1818-1889 ж.).
44. **Шоқан** – қазақтың тұңғыш ғалымы (1835-1865 ж.).
45. **Потанин Григорий Николаевич** – белгілі өлкетанушы, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрін зерттеуші (1835-1920 ж.).
46. **Ыбырай Алтынсарин** – ұлы ағартушы, тұңғыш педагог (1841-1889 ж.).
47. **Абай Құнанбайұлы** – қазақтың ұлы ақыны, философ (1845-1904 ж.).
48. **Жамбыл Жабаев** – қазақтың аса көрнекті ақыны (1846-1945 ж.).
49. **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы** – ақын, ағартушы, шежіреші (1858-1931 ж.).
50. **Шәкәрім Құдайбердіұлы** – ақын, ағартушы, философ (1858-1931 ж.).
51. **Дина Нұрпейісова** – күйші-композитор (1861-1955 ж.).
52. **Барлыбек Сыртанов** – қоғам қайраткері (1866-1914 ж.).
53. **Затаевич Александр** – қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеуші, жинаушы (1869-1936 ж.).
54. **Әлихан Бөкейхан** – Алаш қозғалысының көсемі, Алашорда үкіметінің төрағасы, мемлекет қайраткері (1870-1937 ж.).

55. **Ахмет Байтұрсынұлы** – Алаш қозғалысының көсемі, ағартушы, ғалым, ақын (1872-1937 ж.).
56. **Мұхамеджан Сералин** – ақын, журналист (1872-1929 ж.).
57. **Амангелді Иманов** – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының батыры (1873-1919 ж.).
58. **Мұхамеджан Тынышбаев** – Алаш қозғалысының қайраткері, тарихшы-ғалым (1879-1937 ж.).
59. **Сейітқали Меңдешев** – мемлекет қайраткері (1882-1937 ж.).
60. **Халел Досмұхамедұлы** – Алаш қозғалысының қайраткері, тарихшы (1883-1937 ж.).
61. **Міржақып Дулатов** – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы (1885-1935 ж.).
62. **Жанша Досмұхамедұлы** – Алаш қозғалысының қайраткері (1886-1931 ж.).
63. **Әміре Қашаубаев** – қазақтың ұлы әншісі (1888-1934 ж.).
64. **Жүсіпбек Аймауытов** – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист (1889-1931 ж.).
65. **Санжар Асфендияров** – ғалым-тарихшы (1889-1938 ж.).
66. **Мұстафа Шоқай** – ұлт-азаттық қозғалысының көсемі (1890-1941 ж.).

67. **Әлімхан Ермеков** – Алаш қозғалысының қайраткері, ғалым-математик (1891-1970 ж.).
68. **Нәзір Төреқұлов** – көрнекті мемлекет қайраткері, дипломат (1892-1937 ж.).
69. **Мағжан Жұмабаев** – қазақтың ұлы ақыны (1893-1938 ж.).
70. **Сұлтанмахмұт Торайғыров** – қазақтың ұлы ақыны, жазушы (1893-1920 ж.).
71. **Тұрар Рысқұлов** – көрнекті мемлекет қайраткері (1894-1938 ж.).
72. **Сәкен Сейфуллин** – қазақтың көрнекті ақыны, мемлекет қайраткері (1894-1938 ж.).
73. **Бейімбет Майлин** – қазақтың ұлы жазушысы (1894-1938 ж.).
74. **Ілияс Жансүгіров** – қазақтың ұлы ақыны (1894-1938 ж.).
75. **Мұхтар Әуезов** – ұлы жазушы, драматург, ғалым (1897-1961 ж.).
76. **Темірбек Жүргенов** – көрнекті мемлекет қайраткері (1898-1939 ж.).
77. **Сұлтанбек Қожанов** – көрнекті мемлекет қайраткері (1899-1938 ж.).
78. **Қаныш Сәтпаев** – Қазақ КСР ҒА-ның тұңғыш президенті, аса көрнекті геолог-ғалым (1899-1964 ж.).

79. **Сәбит Мұқанов** – көрнекті қазақ жазушысы (1900-1973 ж.).
80. **Ғабит Мүсірепов** – көрнекті қазақ жазушысы (1902-1985 ж.).
81. **Әлкей Марғұлан** – көрнекті ғалым, археолог-ғалым, академик (1904-1985 ж.).
82. **Әбілхан Қастеев** – қазақтың халық суретшісі (1904-1973 ж.).
83. **Брусиловский Евгений** – көрнекті композитор (1905-1981 ж.).
84. **Бауыржан Момышұлы** – Кеңес Одағының Батыры, әскери қолбасшы, майдангер жазушы (1910-1982 ж.).
85. **Дінмұхамед Қонаев** – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері (1912-1993 ж.).
86. **Шәкен Айманов** – қазақтың ұлттық киносының негізін салушы (1914-1970 ж.).
87. **Ермұхан Бекмаханов** – қазақтың көрнекті тарихшысы (1915-1986 ж.).
88. **Жұмабек Тәшенев** – мемлекет және қоғам қайраткері (1915-1986 ж.).
89. **Ілияс Есенберлин** – көрнекті жазушы, тарихи романдардың авторы (1915-1983 ж.).
90. **Қасым Қайсенов** – Қазақстанның Халық қаһарманы, көрнекті жазушы (1918-2006 ж.).

91. **Мәншүк
Мәметова** – Кеңес Одағының Батыры
(1922-1943 ж.).
92. **Хиуаз
Доспанова** – әскери ұшқыш, Халық Қаһарманы
(1922-2008 ж.).
93. **Рақымжан
Қошқарбаев** – Ұлы Отан соғысында Рейхстагқа ту
тіккен батыр, Халық Қаһарманы
(1924-1988 ж.).
94. **Әлия
Молдағұлова** – Кеңес Одағының Батыры (1925-1944 ж.).
95. **Ебіней
Бөкетов** – көрнекті ғалым, академик (1925-1983 ж.).
96. **Нұрғиса
Тілендиев** – КСРО және Қазақстанның халық әртісі,
күйші, ұлы композитор (1925-1998 ж.).
97. **Шәмші
Қалдаяқов** – ұлы композитор (1930-1992 ж.).
98. **Мұқағали
Мақатаев** – қазақтың ұлы ақыны (1931-1976 ж.).
99. **Өзбекәлі
Жәнібеков** – мемлекет және қоғам қайраткері
(1931-1998 ж.).
100. **Қайрат
Рысқұлбеков** – Халық Қаһарманы (1966-1988 ж.).

Дәстүрлі атаулар

Сұлулық салондарына:

1. Гауһартас
2. Айсұлу
3. Кербез
4. Керім
5. Алқоңыр
6. Айқаракөз
7. Айару
8. Сұлушаш
9. Алтыншаш
10. Айқабак
11. Шұғыла
12. Қарлығаш
13. Шолпан
14. Шолпы
15. Таңшолпан
16. Мереке
17. Меруерт
18. Арай
19. Салтанат
20. Ақмаржан
21. Айзере
22. Көркем
23. Әсем-ай
24. Жадыра
25. Ақсәуле
26. Жұлдыз
27. Алтынай
28. Дариға
29. Ханшайым
30. Бикеш
31. Ханым
32. Әдемі

Дүкендерге:

1. Базарлық
2. Керуен
3. Шашу
4. Ырыс
5. Береке
6. Құт
7. Ынтымақ
8. Атамұра
9. Шамшырақ
10. Өрнек
11. Тұмар
12. Табыс
13. Тарту
14. Кәде
15. Олжа

Балабақшаларға:

1. Бастау
2. Игілік
3. Алтыбақан
4. Толағай
5. Бірлік
6. Наурыз
7. Қайнар
8. Болашақ
9. Аманат
10. Сұңқар
11. Балауса
12. Бойтұмар
13. Қуаныш
14. Балапан
15. Ботақан
16. Тұлпар
17. Жауқазын
18. Бәйшешек

19. Қошақан
20. Көгершін

Мейрамханаларға:

1. Босаға
2. Құс жолы
3. Тайқазан
4. Сыбаға
5. Кездесу
6. Дәстүр
7. Үркер
8. Шаңырақ
9. Ақ отау
10. Көктем
11. Алтын ұя
12. Ақниет
13. Ақтілек
14. Кәусар

Көше т.б. атауларға:

1. Адырна
2. Балбырауын
3. Берен
4. Дулыға
5. Домбыралы
6. Қазанат
7. Наркескен
8. Сонар
9. Темірқазық
10. Бастаңғы
11. Бозінген
12. Дауылпаз
13. Көкпар
14. Бәйге
15. Қоңыраулы
16. Салбурын

17. Атақоныс
18. Азаттық
19. Жерұйық
20. Кеңжайлау
21. Сарыжайлау
22. Масаты
23. Көксеңгір
24. Қозыкөш
25. Құлагер
26. Шертер
27. Аламан
28. Алдаспан
29. Бесік
30. Көкбөрі
31. Пырақ
32. Сүмбіле
33. Саумалдық
34. Шертер
35. Ақберен
36. Алдаспан
37. Бәсіре
38. Достық
39. Жетіген
40. Өріс
41. Көкмайса
42. Хан Тәңірі
43. Аңқаты
44. Бурылтай

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
1. Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыратын әдістемелік ұсынымдар.....	4
2. Республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендердегі көше аншлағтарын жазу және орналастыру жөніндегі ұсынымдар.....	17
3. Ұлттық ономастикалық атауларды біріздендіру (Қ.Рысберген).....	24
4. Атауларға қатысты негізгі емле ережелер.....	28
5. Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері жайлы ұсыным (Т.Жанұзақ, Қ.Рысберген).....	32
6. Қазақ тіліндегі жарнамаларды жетілдірудің кейбір жолдары (Қ.Рысберген).....	51
7. Қосымша	
7.1. Тарихи жер-су атаулары.....	63
7.2. Тарихи тұлғалардың атаулары.....	67
7.3. Дәстүрлі атаулар.....	76

**Ономастика және көрнекі ақпарат:
міндеттер мен ұсыныстар**

(Сала мамандарына әдістемелік көмек)

Корректоры: А.Қадырхан
Тех.редакторы: А.Қожахмет

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7а.
Тел. / факс: 8 (7172) 43-83-97
tilortalyk@mail.ru

Терілуге берілген күні 31.08.2016 ж.
Басуға қол қойылған күні 03.09.2016 ж.
Пішімі 60x84/1.16. Шартты баспа табағы 4,7
Таралымы 100 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Бүркіт ПРИНТ» ЖШС-де басылды.
010000, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1.